

КҮН ТӘРТІБІ

ОН БЕС МЫҢҒА ЖУЫҚ
ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ
ВАКЦИНА САЛДЫРДЫ

2-бет

ДУБІР

АҚ ХАЛАТТЫЛАР
АРДАҚТАЛДЫ

3-бет

ҚОҒАМ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ
АТА-АНА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4-бет

РУХАНИЯТ

ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ
НАМАЗ КЕСТЕСІ

6-бет

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҮТҚАСЫ БОЛДЫ



Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап ел үшін отқа да, суға да түскен тұңғыш Президентті барша қазақстандық Елбасы деп ерекше ардақтайды. Осындай алмағайып кезде жас мемлекеттің тізгінін ұстаған көшбасшыға көп жағдай байланысты болғаны ақиқат. Бұл ретте республика жұртшылығы өз таңдауын дұрыс жасай білді деуге негіз бар.

1991 жылдың I желтоқсанында елдің тілегімен, халықтың қолдауымен Нұрсұлтан Назарбаев егемен еліміздің Тұңғыш Президенті болып сайланды. Осы күннен бастап тәуелсіз мемлекетті басқару міндетін мойнына алған Елбасының

саяси көрегенділігі, қиындыққа қарсы тұратын табандылығы таныла бастады.

Осындай өзінің тағдыры мен елінің тағдыры тоғысқан сындарлы кезеңде Нұрсұлтан Назарбаев: «Мен халқымның тәуекеліне сендім. Өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған осындай текті халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының пешенесіне бұйырмаған бақытты – тәуелсіз мемлекет құрудың бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық бақыт жоқ, осы жолда мен бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын...» деп жүрекжарды сөзін

Жердің құтына жаңбырын, елдің құтына азаматын балаған қазақ халқы қай кезде де елім деп өмірленген ерлерін басқалардан биік көріп, ерекше қадір тұтқан. Шаршы топта сөзінің өтімді болуы шешенге, соғыста жеңімпаз атануың бастаушы көсемге байланысты болса, бір елдің сенімін арқалап, сол елдің абыройын асқақ етіп, ертеңің жарқын қылу басыма тікелей байланысты. «Азамат жетім болмайды – халықтан болса панасы, халық жетім болмайды – басыы болса данасы», – дейді ел бастауда бітімі бөлек қолбасшы Сырым Датұлы. Иә, жақсы басыы – жарты бақыт. Осы тұста қазағымның маңдайына бұйырған атпал азаматтың бірі – Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

айтқан болатын. Міне, содан бері Елбасы халқына сеніп, ел-жұртына арқа сүйеп келеді. Халқы да Тұңғыш Президентіне деген сенімін жоғалтпай, оның бастаған баянды істерін қолдап жүр.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыт ішінде Нұрсұлтан Әбішұлының ұтымды да ұтқыр басшылығымен ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы беделі мен мәртебесі күн санап, жыл санап асқақтай түсті. Соның айқын айғағы деп Қазақстанның ЕҚЫҰ ұйымына төраға болып саммит өткізгенін, қысқа Азия ойындарын ұйымдастырғанын, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайын дәстүрге айналдырғанын айтуға болады. Қазақ елі төрткүл дүниеге бейбітшілік пен татулықтың мекені ретінде таныла түсті. Көптеген халықаралық беделді ұйымдар Қазақстанда түрлі саяси, мәдени және

спорттық шаралар ұйымдастыруға мүдделілік танытып, қазақстандық даму модульдерін өз тірліктеріне жарата бастады. Бұл ретте, әсіресе, ұлтаралық татулық пен азаматтық келісім бағытындағы Қазақстан жетістіктері өнеге ретінде бағаланып отыр.

Осындай елің үшін мақтанатын, жұртың үшін шаттанатын игі бастамалардың жүзеге асуы мемлекеттің тізгінін нық ұстаған Елбасымыздың саяси қайраткерлігі мен қажыр-қайратымен тікелей байланысты екені сөзсіз.

Қай елдің болмасын Тәуелсіздігін тұрақты, елдігін кемел болуы үшін басты қажеттісі һәм ең маңыздысы – тұрақтылық. Біздің еліміз де осынау нұрлы күндерде мызғымас татулығының, берік бірлігінің арқасында қол жеткізді. Елдің өсіп-өркендеу жолындағы басым бағыттарының бірі – қоғамдық келісім, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің жоғары болуы.

► 2-бетте

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР – ҚОЛЖЕТІМДІ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында заманауи тиімді мемлекет, азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қарқынды дамыған және инклюзивті экономика, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі, қуатты өңір – қуатты ел деп аталатын 5 басым бағытты қамти отырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының алғышарттарын айқындап берді.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетуіне де баса назар аударылды. Себебі, халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету – мемлекеттік органдар жұмысының аса маңызды бағыттарының бірі. Қызметтерді алу барысында азаматтар мемлекеттік аппараттың жұмысы туралы белгілі бір ойға келеді.

Ал халықтың мемлекетке деген сенімі еліміздің өркендеуі жолында бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтің сапасын, қолжетімділік деңгейін жақсартуда тұрғындардың арыз-шағымдарын, ұсыныстарын және сын-пікірлерін ескерудің маңызы өте зор. Осы бағытта

«Digital agent» (Цифрлық агент) мобильді қосымшасы іске қосылған болатын. Мобильді қосымша арқылы кез келген қызмет алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасына баға беріп, өз өтініштері мен ұсыныстарын қалдыра алады.

Қала тұрғындарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нысанда алуын қамтамасыз ету мақсатында әкімдіктің бірінші қабатында «Сарыарқа» адилдік алаңында, барлық мемлекеттік органдарда, медициналық мекемелерде, мектептерде, балабақшаларда, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында, кітапханаларда, емханаларда және т.б. жерлерде «өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары» ұйымдастырылды. «Өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы» арқылы

мемлекеттік, азаматтық және т.б. қызметшілер электронды үкімет порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді мемкорпорацияға бармай-ақ, уақытты үнемдеп, электронды түрде қызмет алады.

Сонымен қатар, 2015 жылы «Telegram»-да боттарды жасауға арналған платформа пайда болғаннан бері мессенджер түрлі онлайн-қызметтерді алу үшін ыңғайлы арнаға айналды. Көптеген әзірлеушілер чат-боттар түрінде әртүрлі қосымшалар және сервистердің аналогтарын жасай бастады, олармен өзара іс-қимыл зат режимінде алдын ала белгілі бір командалар көмегімен жүзеге асырылады.

► 3-бетте

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

ҚАЛАМҒЕР РУХЫНА ҚҰРМЕТ

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Шапағат», «Талайды таңырқатқан жырау едім», «Сағым-сары», «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сөз», «Жүрегімің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүректегі ырақтар» атты поэзиялық, «Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария көңіл, тау мүсін», «Дария-гүл», «Қарсақбайлық қайсар ұл» (Г. Мұсабековпен бірге), «Бекзат гүл», «Арыстанбай батыр» атты прозалық, публицистикалық жинақтардың авторы, ақын, публицист Ибрагим Бекмаханұлы көзі тірі болғанда биыл жетпіске толар еді. Мерейтойына бір жыл қалғанда ажал құрығына іліккен қарымды журналист, ақпаңгер ақын торқалы тойын сүйікті мекені Жезқазғанда дүркіретіп думандатуды жоспарлаған екен. Жазмыштың жазғанынан оза алмаған аға арманын орындауды парызы санаған жары Мәкеш ана мысты шаһарға келіп көзі тірісінде Ибрагим ағамен аралас-құралас болған жора-жолдастарына ас беріп, еске алу кешін өткізді.

Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма теа-



трында өткен «Жалғастырып Сыр мен Қырдың саласын» атты кеште ақын өлеңдері оқылып, әдеби-сазды көріністер қойылды. Сыршылы поэзия мен жалынды рухқа толы кеште көз көрген замандастары Ибрагим аға жайлы естеліктерін ортаға салды.

– Менің телерна саласындағы ұстазым – Базарбай Әлеуханұлы болса, мерзімді басылымда жөн сілтеп, ақыл-кеңесін аямаған жан – Ибрагим Бекмаханұлы. Ол өте ақкөңіл, ақжүрек адам еді. Жезқазғанда басталған әріптестік Қарағандыда жалғасты. Оның сөздік қоры, журналистік қарымы, тіл байлығы тым ерекше еді. Маңғаз қалпы жүрген жерін жарықтандырып, айнала-сын нұрға бөлейтін. Ол өз ісін сүй-

іп істейтін. Ағамның Қарағандыда өткен алпыс жасын мен басқарған едім. Сонда риза болған ол жетпістегі тойын да маған тапсырмаққа ниеттенген. Сол күнге жете алмадық. Аға мен іні болып әзіліміз жарасушы еді. «Орталық Қазақстан» газетінде бірге қызметте болған кездері Алматыға көшкелі жатқанын естіген мен «Торғайды жауып, Жезқазғанға келдім. Жезқазғанды жауып Қарағандыға келдім. Енді Қарағандыдан Алматыға аттанбақсың. Алматыны да жауып тастап жүрме» деп әзілдеген едім. Сонда ағам: «Алматы менің бетімді жаппаса, менің жабуға шама жете қоймас» деп еді. Сол сәт осы сөзінің шындыққа айналарын білдік пе?! – деп күрсінген қаламдас

інісі Еркін Мұсабеков ағаға деген сағынышымен бөлісті.

Келелі жиында сөз алған замандастары мен іні-бауырлары Қазақстанның халық әртісі Досжан Жанботаев, Қазақстанның Құрметті журналисі Амандық Рахұлы Ибрагим Бекмаханұлы шығармашылығының драматургтік, Сыр сүйелілерін зерттеген ғалымдық, өлкетанушылық қырлары туралы да сөз етті.

Шара соңында сөз алған Ибрагим Бекмаханұлының жары еске алу кешін өткізуде атсалысқан жезқазғандық зиялы қауым өкілдеріне шапан жауып, алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл салада әртүрлі мамандық иелері еңбек істейді – журналистер, баспагерлер, полиграфистер, теледидар мен радио қызметкерлері, байланысшылар. Осы майталмандардың арқасында біздің елімізде және әлемде болып жатқан оқиғалар жайында хабардар болып, жедел және сенімді ақпарат алуға мүмкіндігіміз бар.

Цифрлық технологиялар ғасыры медиа кеңістігін айтарлықтай өзгертті. Бүгінгі таңда осы салада табысты болу үшін барлық енгізілген жаңалықтармен таныса отырып, оларды белсенді қолдана білу, үнемі оқиғалар толқынында жүзіп, алдыңғы шепте табылу қажет. Бүгінгі оқырман, көрермен, тыңдаушының талабы ерекше, өйткені ақпарат көздерінің көптігі оларға таңдау жасауға үлкен мүмкіндік береді.

Біздің елімізде әртүрлі бағыттағы және салмағы мен беделіне қарай көптеген бұқаралық ақпарат құралдары қызмет етеді. Біздің қаламыздың бұқаралық ақпарат құралдарының да бұл тізімнен ойып алған орны бар. Олардың барлығы дерлік ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып келе жатқан, өздерінің тұрақты аудиториялары қалыптасқан шығармашылық ұжымдар. Бүгінгі таңда жезқазғандық БАҚ-та 30 журналист, 15 дизайнер, корректорлар, эфир техниктері, 10 бейне операторлары мен режиссерлер еңбек етуде. Олардың ішінде кейінгі бұйынға үлгі-өнеге көрсетіп келе жатқан ардагерлерімізге іттипатымыз ерекше.

Журналист – бұл қызықты мамандық, бірақ сонымен бірге оны таңдаған адамдарға қоятын талабы да өте жоғары. Күнделікті журналистің ізденіміз ойынан туындайтын шығармашылық өнімге әділдік, өзектілік, жаңашылдықтың тән болуы – айнымас шарт. Өзі ісін шөбері ешпақан аудиторияға баяндап отырған тақырыбына қатысты жеке көзқарасын таңға жол бермейді, оның міндеті – толықтай айқын ақпаратты қамтамасыз ету және оқырманға, тыңдаушыға, көрерменге қорытынды жасап, өз басшылықтарын анықтауға мүмкіндік беру.

Құрметті байланыс және ақпарат қызметкерлері! Өрдайым кәсібилік принципің ұстану мен өз ісіне деген адалдық қызметтеріңіздің басты белгісі болып қала берсін. Қаламыздың әлеуметтік маңызды сұрақтарына назар аударып, тұрғындарымыздың мәселелеріне шынайы қызығушылық танытып, оларды шешу жолында атқарып жатқан еңбектеріңізге алғысымызды білдіреміз.

Шабыттарыңыз сарқылмай, қаламдарыңыз ешқашан мұқалмасын! Шығармашылық процестен қанағат алып, жаңа тақырып қашанда еншілеріңізде болсын. Кәсіби тұрғыда ұзақ табысты еңбек етіп, аудиторияларыңыздың шексіз сеніміне бөлене беріңіздер! Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ
Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдірахман ДОСАНОВ

Сауысқандай сақтық пен нақтылықты, күн сәулесіндегі жылдамдық пен ұшқырлықты талап ететін ақпарат айдынында өндірісті өлкеңің тіршілік тынысын айқындап, өмірі мен өнерінен, кәсібі мен кәсібінен хабар тарататын алыс жылдық тарихты еңсерген «Дидар» телернасы жыл сайын жаңарып, жасарып келеді. Бұл – телернадағы кадр мәселесіне де қатысты.

ТЕЛЕРНАНЫ ТӨРТЕ СҮЙРЕТЕН

Телерна қызметі режиссерсіз бір қадам да ілгері баспасы анық. Эфирге дайындалған әрбір бейне-материалдың басты компоненттері саналатын дауыс, оқиғаның дыбыстық бейнесі, музыка, шу тағы да сан түрлі көркемдік элементтерді біріктіріп, үйлестіріп отыратын маман міндетін жергілікті телернада абыроймен атқарып жүрген режиссер – Нұрталап ШАРАПАДИН.

Эстетикалық кескін мен көрермен талғамын басты орынға қоятын ол бұл салаға тез үйрену, машықтанып, сіңісіп кету әйемесін айтады. Иә, телехабар тарату ісін жетік

менгеріп, өзгелерден бөлек заманауи техникалармен шебер де икемді жұмыс ұйымдастыру, монтаждау тәсілдерін ұғыну біршама уақытты талап етеді. Экран сыртындағы кез келген көрерменге видеоны түсірілген қалпы шала-жансар күйде ұсына салмай, қажетсіз тұсын қиып, өңдеп, әрлеп, әдемілеп ұсыну керектігін тойшылық қазқтың кезекті бір тойында Марат есімді видеоредактор ағасынан көріп-білген Нұрталаптың осы салаға деген қызығушылығы арта түскен.

► 8-бетте

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ СЫРТЫ ЖАҢАРМАҚ

Соңғы жылдары шаһар шырайын қашыраған жертің асырлық тарихы бар көп қабатты тұрғын үйлердің сыртын қалыңқа келтіруге ден қойылды. Бытыр «Жұмыспен қамтуудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 58 тұрғын үйге ағымдағы жөндеу жасалса, биыл кезек тобыда қабатты үйлерге жеткізілді. Бұл жөндеу тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жөлушылар көлігі мен автомобиль жөлулары бөлімінің бас маманы Роза МОМЫШЕВА айтып берді.



– 2021 жылы Абай көшесіндегі 7 тұрғын үйдің қабаттарын жөндеумен қатар Алашахан даңғылы бойындағы тоғыз қабатты үйлердің сыртын ретке келтіруді жоспарлап, қалалық бюджеттен қаржы сұрадық. Бүгінде өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесінде «Медет» ЖК Алашахан даңғылындағы 41-үйдің сыртын жөндеп қойды. Қалған үйлер бойынша қазір конкурстық рәсімдер өтіп жатыр, – деген бас маман конкурстық қорытындысы бойынша Алашахан даңғылы мекенжайында орналасқан 22 А және В үйлерін жөндеуге 32 млн-нан астам қаржы жұмсалатынын айтты. Жөндеуді мердігер «Сейітқазынов» ЖК жүргізбек. Аталған мердігер бұған дейін тұрғын үйлерге мұрал салған.

Өз тіліміз

SARYARQA-AҚПАРАТ

НҮРЛАН НЫҒМАТУЛИН
МӘЖІЛІС СЕССИЯСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Сәрсенбі күні жетінші шақырылған Парламент Мәжілісінің бірінші сессиясының соңғы жалпы отырысы өтті. Осыған орай, Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин өткен сессия жұмысын қорытындылады.

Бұл Мәжіліс пен депутаттық корпус үшін маңызды кезеңдердің бірі. Осы сессия өз жұмысын қасиетті Тәуелсіздігімізге 30 жыл толған тарихи кезеңде бастады. Ерекше айту керек, осы шақырылымда Мәжіліс құрамы жаңарып, елге танымал білікті тұлғалармен толықты. Осы сессиядағы жаңа және нақты қадамдар Мәжілістің заң шығару жұмысын одан әрі күшейтуге жол ашты. Соның нәтижесінде Мәжіліс саяси, әлеуметтік, экономикалық маңызды зор көптеген заңдарды қабылдады. Көптеген парламенттік іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл жолда біз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Стратегиялық бастамаларын және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың алға қойған міндеттерін басшылыққа алдық. Оның барлығы халқымыздың өмір сапасын арттыруға, еліміздің тұрақты дамуын заң деңгейінде қамтамасыз етуге ықпал етті, – деді Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин палатаның жалпы отырысында.

Оның айтуынша, сессия барысында депутаттар өздерінің заң шығарушылық бастамаларын белсенді қолданып, 10 заң жобасын әзірлеп шықты.

Сонымен қатар, осы сессияда 230-дан аса депутаттық сауал жолданды. Олар индустриялық-инновациялық даму, қаржы, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және аймақтық даму мәселелеріне бағытталды. Палата спикері сессия аяқталғанымен депутаттар өңірлерге, шалғайдағы ауылдық жерлерге барып, сайлаушылармен кездесетінін атап өтті.

ҚАЗАҚСТАНДА ӘСКЕРИ ТЕАТР АШЫЛДЫ

Қазақстанда алғаш рет әскери театр ашылды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат Ұлттық ұланының баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы және Қазақстан полициясы күніне орай, Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің «Жеңіс жалауы» спектаклінің тұсаукесері өтті.

Аталған туынды Ұлы Отан соғысының қаһарман батыры, Рейхстагқа Жеңістің алғаш туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігіне негізделген. Сонымен бірге сахнада тұңғыш рет еліміздің күш құрылымдары арасында Ұлттық ұлан ән-би ансамблі театрының өртістері өнер көрсеткенін ерекше атап өткен жөн.

Спектакль тұсаукесеріне Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Ішкі істер министрінің басшылық құрамы, Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы Руслан Жақсылықов, Парламент депутаттары мен ардагер генералдар, өнер және мәдениет қайраткерлері, әскерилер, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Өз сөзінде Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова өнер ұжымын әскери театрдың ашылуы және қойылымның тұсаукесерімен құттықтады.

Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Руслан Жақсылықов айтқандай, қойылымды қоюдағы мақсат – ел халқы мен өскелең ұрпаққа Рақымжан бастаған қазақ жастарының Ұлы Жеңісті жақындағуға қосқан үлесін, олардың майдан даласындағы ерлігін әспеттеу болып табылатынын жеткізді. Сонымен қатар Руслан Фатихұлы ансамбль құрамындағы театр тобы Ішкі істер министрінің қолдауымен ашылғанын, оны құру барысында ресейлік әскери театрының тәжірибесі зерттелгенін айтты. Әскери театрды ашудағы мақсат – погон таққан өртістердің өнері арқылы өскелең ұрпақты патриотизмге баулу, сондай-ақ әскери қызметті насихаттау болып табылады.

Спектакльдің мазмұнына қысқаша тоқталатын болсақ, Еліміздің біртұар батыры Бауыржан Момышұлы жазушы-журналист Көкімжан Қазбаевты өзіне шақырып, Рейхстагқа алғаш Ту тіккен қазақ Рақымжан Қошқарбаев туралы зерттеу жасауды бұйырады. Жеңіс жалауын қадаған жас жігіттің ерлігін зерттеген жазушы оның өмірімен егжей-тегжейлі танысады. Сол сәттен бастап сахнада жас Рақымжанның соғысқа дейінгі өмірі көрермендердің назарына ұсынылды. Болашақ қаһарманның арманы, махаббаты, жігері мен өр рухы қамтылды. Ұйымдастырушылар бас қаһарман арқылы Отанға деген риясыз сүйіспеншілігін сәтті көрсете алды. Ең бастысы, Рейхстагқа Ту тіккен ерлігі баяндалды. Қойылым барысында ұрпақтар сабақтастығы мен патриотизм рухын сіңірген әскери және соғыс жылдарындағы әндер айтылды. Бұл қойылымға ерекше рең сыйлайды. Ер Бәукең – Бауыржан Момышұлы тарихи шындық үшін күрескені, Рақымжан Қошқарбаевқа «Кеңес Одағының батыры» атағын беру туралы талабы көрсетіледі.

Қойылым соңында Елбасы Н. Назарбаевтың Жарлығымен Рақымжан Қошқарбаевқа 1999 жылы «Халық Қаһарманы» атағы берілгені айтылды.

Бұл тарихи шындыққа ұмтылған халықтың Рақымжандай батыры арқылы төбелірінің және Елбасы мен егемендіктің аталған шындыққа жетудегі ролін көрсеткенін атап өткен жөн.

Спектакль – Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің театрландырылған тұңғыш қойылымы. Әскери драма жанрындағы қойылымның авторы Канат Жүнісов, қоюшы режиссері Дәурен Серғазин, қоюшы суретшісі Ерлан Тұяқов, ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі майор Дархан Рахымғалиев.

Ұлттық ұлан ән-би ансамблі бүгінгі таңда мемлекетіміздің орталық залдарында Гала-концерт беретін бірегей әскери-музыкалық ұжым. Ансамбль музыканттары мен солистерінің орындауындағы әскери-патриоттық әндер еліміздегі барлық патриоттық шаралардың келбетіне айналды. Әскери тақырыпқа байланысты бірде-бір концерт ұландық өнерпаздардың қатысуынсыз өтпейді.

Ансамбль репертуары әр алуан, онда әскери әндер, халық музыкасы, эстрада және жастар стилі, әлем халықтарының әндері мен билері бар.

Ансамбль құрамында ерлер хоры, вокальшұрлар және бишілер тобы, биг-бэнд, фольклорлық топ және концерттік оркестр бар. Биылдан бастап олардың қатарына әскери театр тобы қосылып отыр.

ҰЛЫТАУ ӨңІРІ ТУРИСТЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН



Қарағанды облысының Ұлытау ауданында жайлы қонақ үйі бар Сапар-орталықтың құрылысы аяқталды.

Сапар-орталықта келушілер қызметтердің толық спектрін, соның ішінде ауданның көрікті жерлері туралы ақпаратты ала алады және негізгі туристік бағыттарға экскурсиялық маршрутты таңдау мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ туристер қажылық турларына жазыла алады.

Ұлытау ауданы Қарағанды облысындағы танымал туристік бағыттардың біріне айналуда. Туристер арасында анағұрлым танымал бағыттар – Жошы хан және Алаша хан кесенелері, Бесқамыр, Аяққамыр әжелгі қалашықтары, тау суреттері бар Теректі-Әулие үңгірлері, Әулиетау тауы, тарихи және мәдени ескерткіштер және тағы басқасы.

Қарағанды облысындағы осы және өзге де демалыс орындары жайлы өңірдің кәсіпкерлік басқармасының басшысы Татьяна Аблаева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтты берді.

Ұлытау ауданында келесі негізгі туристік бағыттар жұмыс істейді: Ұлытау, Жезқазған – Ұлытау (Әулиетау), Жошы – «Теректі әулие» кешені, Жезқазған – Қорғасын. Биыл Ұлытауда «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің құрылысы аяқталуда, онда келушілердің демалысына арналған бөлмелер қарастырылған. Ол қасиетті Ұлытау ауданына келетін туристерді тартатын орынға айналады деп жоспарланған, – деп атап өтті Татьяна Аблаева. Сондай-ақ, кешенде желі және қоғамдық көліктер арналған автотұрақтар, шайханалар мен дәмханалар, шолу алаңдары, туристерді қабылдауға арналған киіз үйлер, субұрқақ, Жошы хан резиденциясы және мүсіндік композиция, экспозициялық зал және басқалары қарастырылған. «Ұлытау өңірінде келушілерді орналастыратын 11 орын жұмыс істейді. Бұл – 6 қонақүй, 2 этноауыл және меймандарға арналған 3 үй. Ауданда республикалық маңызы бар «Ұлытау» мұражай-қорығы және Жезді кентінде тау-кен және мыс балқыту ісінің тарихын дәріптейтін мұражай жұмыс істейді, – деді Татьяна Аблаева.

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҮТҚАСЫ БОЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Тыныштығы бұзылған елдерде не болып жатқанын өздеріңіз көріп, біліп отырсыздар. Тыныштық кеткен елде соғыс болады. Ал қанды қырғын болған ел ешқашан алға баспайды. Сол себепті де біз осы бірлігіміз бен берекемізден айырылып қалмау үшін барымызды салуымыз қажет. Әсіресе, дәл қазір дана Абай

атамыздың «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос!» деген ұлағатты сөзін естен шығармауымыз керек болып тұр.

Елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілі өмір сүреді. Еліміздегі диаспоралардың жарасымды тірлігі кеңестік дәуірден бері сақталып калды. Осы тұста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізді мекендеген

барлық диаспора өкілдеріне жасаған жақсылығы шексіз екені ақиқат. Олардың қазақ жерінде қысылмай күн кешулері үшін барынша жағдай жасалды.

Мен үшін Елбасы – өз өмірім ғана емес, ел көшім өз еңбегі арқылы өзгерген адам. Қарапайым отбасында дүниеге келіп, қайтпас қажыр-қайратының арқасында білім алып,

қатардағы жұмысшыдан биік мансапка көтеріліп, елдің сенім артқан немірі бірінші адамына айналған Нұрсұлтан Әбішұлы тек Қазақстан тарихында ғана емес, әлемдік саясатта есімі алтын әріптермен жазылар тұлға екені анық.

Инабат МҰХАНБЕДЯР,
Жезқазған жоғары политехникалық колледжінің III курс студенті

ҚАУЕСЕТ ВАКЦИНАЛАУ
ҚАРҚЫНЫН ТӨМЕНДЕТЕДІ

материалдар Гамалея институтымен барлық өндірістік орындарға жеткізіледі», – деді І.Есмағамбетов.

КВИ-ға қарсы қазақстандық вакцинаға келетін болсақ, биотехнолог біздің препаратты жасаушылар жақсы нәтиже көрсеткеніне сенімді.

«Меніңше, бұл жерде клиникалық зерттеулердің деректеріне назар аудару керек. Барлығын толығырақ зерттеңіздер. Бірақ Қазақстанда оның сапалы баламасын жасай алғанмызға күмәнім жоқ», – дейді І.Есмағамбетов.

Ресейлік КВИ вакцинасын жасауға қатысқан ғалым кәзіргі уақытта Гамалея институтында үнді, британдық, онгүстіафрикалық штатмдарына қарсы иммунитетті қалыптастыру үшін вакцина түрлерін дайындау бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлады.

РЕПРОДУКТИВТІК

ФУНКЦИЯҒА КЕРІ ӘСЕРІ БАР МА?

Вакцинаның репродуктивтік функцияларға кері әсері жөніндегі адамдардың кәзіргі қорқынышы туралы айта келе, І.Есмағамбетов ғылыми тұрғыдан алғанда, мұндай тұжырымдарға ешқандай негіз жоқ екенін атады.

«Меніңше, түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек. Вакциналар аденовирус платформасында жасалған, аденовирус – бұл барлық адамдар ауыратын әдеттегі ЖРВИ. Бұл аурулардың асқынатын немесе ауыр ағымы болмайды. Бейтарап вектор вирус негізінде жасалады, негізінен патогендік емес немесе бұл вектор қандай да бір жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін емес», – дейді ғалым.

Биотехнологтың айтуынша, Ухань штамын жыл бойы айтуға болады, содан кейін ревакциналау қажет болады.

«Бұл мәселе институтта талқыланып жатыр. Кейінірек бұл туралы ұсыныстар болуы мүмкін. Өзірге бейресми түрде сіз арнайы тест жүйелерімен тексерілуіңіз керек. Бұл өте маңызды, өйткені барлық тест жүйелері вакцинадан кейінгі иммунитетті анықтауға жарамсыз. Бұл жүйе негізгі компонент ретінде коронавирустың беткі ақуызын немесе оның доменін байланыстыратын рецепторды қамтиды. Спутник V алған көптеген адам үстірт иммунитетті көруге, антиденелер деңгейі арқылы белсенділікті зерттеуге барады, сол жерде теріс нәтиже көріп, вакцина пайдасыз деп ойлайды. Ал шындығында, бұл тест – жүйеде негізгі компоненттің бірі. Сондықтан Гамалея институтында жасалған біздің тест жүйесі қолайлы деп айта аламыз», – дейді ғалым.

І.Есмағамбетов сондай-ақ КВИ-ға қарсы екіпелден кейінгі иммунитет туралы өз пікірін білдірді. Ол денеге, жас ерекшелігіне байланысты көрінеді. Егде жастағы адамдарда антиденелер иммунитеті жас адамдарға қарағанда ертерек түсе бастайды. 30 жасқа дейінгі адамдарда иммунитет тұрақты, ол алты айға созылады, содан кейін біртіндеп төмендей бастайды. Алайда ғалым тіпті бұл құлдырау инфекциямен күресу үшін маңызды деп санайды.

І.Есмағамбетовтың өзі де Спутник вакцинасын алған. Өріптестері де осы екпенің алғашқы сериясымен вакциналанған.

Гамалея атындағы Ұлттық эпидемиология мен микробиология ғылымына зерттеу орталығының кәзіргі жұмысы туралы айта келе, вакцинаны жасау мен жетілдіру бойынша ғалым кәзіргі уақытта пайда болған жаңа үнді, британдық, онгүстіафрикалық штатмдарына қарсы иммунитетті құру мүмкіндігімен Спутник V модификациясы бойынша кеңейтілген жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

«Біз жаңа штатмдарға қарсы бағытталған прототиптер толығымен зерттеліп, сынақтан өтіп, осы вакциналық препараттардың жеделдетілген клиникалық зерттеулері болуы мүмкін болған кез-

ОН БЕС МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ
ВАКЦИНА САЛДЫРДЫ

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау науқаны Жезқазған қаласында 2021 жылдың наурызында басталды. Алғашқылардың бірі болып вирусты жұқтыру және тарату тәуекелі жоғары халықтың осал тобы, яғни медицина саласының қызметкерлері еске салдыры. Олардың қатарында жедел медициналық көмектің, жасанбау бөлімі мен медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің қызметкерлері, сондай-ақ аурухананың қабылдау бөлімі мен отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның ұжымы, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары бар. Екінші кезекте білім саласының қызметкерлері қамтылса, одан кейін созылмалы аурулары бар қала халқы мен құқық қорғау, өңірлі саласының ұжымдарына вакцина салынды.

Бастапқыда келушілерге Ресейде шығарылған «Гам-КОВИД-Вак» («Спутник V») вакцинасы салынса, қазір қолданыста Біріккен Араб Әмірліктерінің Рас-Аль-Хайма қаласындағы «Жулпар» фармацевтикалық өндірісінде шығарылған «Науат-Вах» вакцинасы да бар. Вакцина алуға ниетті азаматтар вакцинаны өз еркімен таңдайтын айта кеткен жөн болар. Күні бүгінге дейін Жезқазған қаласына «Спутник V» вакцинасының I компоненті 15430 дана көлемінде түсіп, оның 13640 данасы егілді. II компоненттің 10900 данасы келіп, 9640-ы салынды. «Науат-Вах» вакцинасының I компоненті 1101, II компоненті 11000 дана көлемінде жеткізілді. Араб вакцинасының алғашқы компонентімен 1052 тұрғын егілсе, екінші компоненті 84 азаматқа салынды. Бізге жеткен отандық QazCovid-V вакцинасының 10 дозасы да тұрғындарға салынып үлгерілді.

Осылайша, Жезқазған қаласында вакцина алуы тиіс деп жоспарланған 49643 тұрғынның 14702-сі ғана екіпелден. Жоспарланған цифрға жеткен кезде жезқазғандықтарда ұжым-

дық иммунитет қалыптасады деп күтілуде. Осы ретте жезқазғандық кәсіпкерлер Е.Кенжебеков пен С.Толуев вакцинациялау науқанына қарқын беру мақсатында акцияға демесушілік танытты. Сөйтіп, 20-22 маусым аралығында вакцина алған тұрғындарға азық-түлік себеттері, 22-25 маусым аралығында екіпелденерге 5 мың теңгелік сертификат тапсырылды. Вакцина алғанын растайтын паспорты барлар 22 маусымда сатып алған азық-түлігіне 15 пайыз жеңілдік алды.

Қазақстанда кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакциналау адамның келісімімен жүргізіледі. Вакциналаудан бас тартқан адам әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылмайды. Дегенмен, күллі әлемді ұсынып ұстап отырған індеттен құтылу үшін бірден-бір жолы вакцина екенін ұмытпаған жөн.

Вакцина 21-45 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізіледі. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.



Коронавируспен ауырып жазылғаннан соң екіпел 6 айдан ерте жүргізілмейді қажет. Коронавируспен жақын контакт болған пациенттерге, 18 жасқа дейінгі балаларға вакцинаны қолдануға болмайды. Жедел аурулар (тонзилит, фарингит, бронхит, пневмония т.б.с.) және созылмалы аурулардың өршуі кезінде екіпел салуға болмайды. Сондай-ақ, аутоиммунды аурулармен ауыратын науқастарға, ауыр аллергиялық реакцияны басынан өткерген пациенттерге (қандайда бір вакцинациядан кейін дене температурасы 40 С, естену тану жағдайлары болса) қарсы көрсетілімі бар. Онкологиялық аурулары барларға вакцинаны мүлде салуға болмайды.

Азаматтық белсенділік танытып, өзін және жақындарын тәжәжақалдан қорғайтын дәйгін қала тұрғындары аурухана қалашығында орналасқан таңғы сағат 9:00-ден кешкі 20:00-ге дейін жұмыс жасайтын вакцинациялау орталығына барып, өз қалауы бойынша «Науат-Вах» немесе «Спутник V» вакцинасын салдыра алады.

Өз тілшіміз

Egemen.kz



АҚ ХАЛАТТЫҒЫЛАР АРДАҚТАЛДЫ

Медицианың атасы атанған Ибн Сина: «Дәрігерде ұш қару бар: сөз, өсімдік, пышақ» деп тән дауасымен қатар жан дауасына да иіна болған ақ халаттылардың орнын ежелден-ақ айқындап берген. Иә, қашан, қалай алып қарасақ та дәрігердің орны төрде екені сөзсіз.

Себебі сәл ғана басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса көмек сұрайтын осынау жанардың толассыз ізденісімен, ерен еңбегімен тіршіліктің тамыры тереңге жайылды.

Маусым айының әр үшінші жексенбісі тойланатын медицина қызметкерлерінің мерекесінде қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова сала мамандарымен кездесіп, биыл үздік деп танылған дәрігерлерді марапаттады.

— Қаламыз бойынша 18 денсаулық сақтау мекемесінде 1694 азамат еңбек етсе, олардың, ал 1303-і — медкызметкер, ал 391-і — дәрігерлер екен. Өлемді жайлаған пандемия кезінде барлық жезказғандық ақ халаттылар алдыңғы шепте аянбай еңбек етті. Олардың қай-қайсы да жоғары марапатқа, шексіз құрметке лайық. Биыл 60 жерлесіміз мемлекеттік маңызды түрлі мадақтамалармен, төсбелгілермен марапатталды. Мереке қарсаңында аймағымызда, қаламызда күн-түн демей еңбек етіп, тұрғындар денсаулығын қамтамасыз етіп жүрген барша денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне алғысымыз білдіреміз. Бастысы — сіздердің денсаулықтарыңыз мықты болсын. Сіздер аман болсаңыздар, барша халықтың дені сау болады. —

деген Зина Жұманазарқызы марапат иелерін ортаға шақырды.

Алғашқы болып сый-құрметке бөленіп, кеудесі құшақ гүлге толған ардагер-дәрігер, Жезказған қаласы жоғары медициналық колледжінің хирургия пәнінің оқытушысы Садықбек Қасенов болды. Ұзақ жылғы еңбегі және қызметтегі толайым табыстары үшін Садықбек Қасеновты «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі табысталды.

Аталған саладағы жоғары дәрежелі марапат — Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамотасын Жезказған қаласы көпбейінді ауруханасының дәрігері Қанат Әбілғазиева иеленді.

Одан әрі «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иелері анықталды. Аталған төсбелгіні иеленген жезказғандық білікті мамандар қатарында «Жезденсаулық» ЖШС-нің директоры Фатима Ахметова, «Бексейітова» ОДА-сының жалпы тәжірибе дәрігерлері Феруза Жанпейісова мен Гүлсім Сүлейменова бар. «Мейірім» төсбелгісі «Бек-



сейітова» ОДА-сының аға медбикесі Назым Шамкеноваға бұйырды.

Зина Жұманазарқызы «Кәсіби жетістіктері үшін» төсбелгісін «Әбділдинова» ОДА-сының директоры Әлиша Әбділда мен Жезказған қаласы көпбейінді ауруханасының «Ана мен бала» орталығының басшысы Аягерке Есболатоваға, «Жезденсаулық» ЖШС-нің жалпы тәжірибе дәрігері Батима Бексауытова мен «Жүрек» ОДА-сының бас

мейірбикесі Оксана Кудашоваға, «Тильман» ОДА-сының жалпы тәжірибе дәрігері Ардақ Исаева мен Жезказған көпбейінді ауруханасының дәрігері Әбдікадыр Сәрсенбай, «Көшімбаева» ОДА-сының жалпы тәжірибе дәрігері Ирина Касимоваға және «Әсия» тіс емханасының тіс дәрігері Гауһар Битеноваға табыс етті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БӨРЕКЕЛДІ!

Адам жанының арашасына айналған медицина саласының қызметкерлері ең жоғары құрметке лайық. Зауалды шақта жаныңды сақтап, дертіңнің дәруін табар жезказғандық ақ халаттылар мереке қарсаңында жаңа баспанға ие болды.

ЖАСТАРҒА — ЖАҢА ПӘТЕР

Женіс көшесі, 3 А мекенжайынан 2 және 3 бөлмелік пәтерлерге ие болған 20 жас маманға үй кілттері Жезказған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова табыстап, мерекелен құттықтады. Пәтер көлемі отбасы мүшелерінің санына орай үлестірілген.

— Бізге жас кезімізде мұндай мүмкіндік болмады. Қазіргі таңда сіздердің алансыз жұмыс істеулеріңіз үшін барынша жағдай жасалауда. Мемлекет қай кезде де жастарға, әсіресе, медицина саласының мамандарына қолдау көрсетуден танған емес. Алдағы күндерде де Жезказған жұртының мығым денсаулығы үшін аянбай еңбек ете беретіндіктеріңізге сенемін. Есімін ел жақсы жағынан танып, көпшілік алғысына кенелген дәрігер болыңыздар, — деген Қарағанды об-

лысы денсаулық сақтау басқармасы Жезказған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова жас мамандарға ақжарма тілегін арнады.

Қоныстой қамына кіріскен жастардың бірі Нұрсұлтан Джүраев: — Менің мамандығым — анестезиолог-реаниматолог. Жезказғанда 2019 жылдың қыркүйегінен бері жұмыс істеймін. Резидентураны бітіргеннен кейін Жезказғанға жолдамалармен жіберген болатын. Қазір отбасымыз. Әйелім де менімен бірге Қарағанды медицина университетін бітірді. Мамандығы — акушер-гинеколог. Қазір бір баламыз бар. — декреттік демалыста. Бізге қолайлы жағдай жасап, көмек көрсеткен қала басшылығына, денсаулық сақтау саласы мамандарына алғысым шексіз, — дейді ол.

Ай СҮГІР

ЖЕМҚОРЛЫҚ — ИНДЕТ, ЖОЮ — МІНДЕТ!

КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендетіні, қоғамда демократиялық қайта құрулары жүзеге асыруды тежеетіні, елдің халықаралық беделіне қолғап түйсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жасыратыны жоқ, сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік туғырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер учаскесін сенсусіз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де орын алуда.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу — жалпыға ортақ міндет.

Елбасының мемлекетіміздің тағдыры үшін маңызды құжатында айтылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талап «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтынды

жағдайда болса екен» деген жұртшылықтың пікірімен үндескендей.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай ақ бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім. Тәрбие от басынан басталады, ата-ананың шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отыратынын көріп өскен бала, бұл жағдайды орындай, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Есейгенде ол баладан қандай мемлекеттік қызметкер шығады? Қалтасының қамын ойлайтын шенеунік бола ма, әлде тәуелсіз еліміздің нығайтына, қазіргі жалаңданды заманды патриоттық сезімді барынша бойына терең сіндірген, ел дамуының ұйытқысы болатын нағыз азамат шыға ма? Сонғысы болса ләзім. Сондықтан, әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал.

Қазақстан — көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.

Медет АЙМЕНОВ,
Қарағанды облысы
№2 кәсіптік техникалық училищенің
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
көмегімен м.а.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР — ҚОЛЖЕТІМДІ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Бүгінгі күні EgovKzBot.2.0 — электрондық үкімет порталының боты арқылы келесі қызметтер мен сервистерді алу қолжетімді:

- Жеке тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтама;
- Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалар;
- Жылжымайтын мүліктің болуы немесе болмауы туралы анықтамалар;
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама;
- Базалық зейнетақы төлемінің мөлшері туралы ақпарат алу;
- Әлеуметтік мәртебені тексеру;
- Емханаға тіркеу (өзіңізді және балаларыңызды);
- Дәрігер қабылдауына жазылу;
- Дәрігерді үйге шақыру.

«Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ Халыққа қызмет көрсету орталықтарына кезекті брндау;

- Тіркеген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама алу;
- Заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің бар екендігі туралы анықтама алу;
- Баланың тууын проактивті түрде тіркеу;
- Ең жақын ХҚКО іздеу;
- Жұмыс табу (жұмыссыздар үшін);
- Маман табу (жұмыс берушілер үшін);
- Наркологиялық диспансерден анықтама;
- Психоневрологиялық диспансерден анықтама;
- Туберкулез диспансерінен ұйымнан анықтама;
- БЖЗК салымшысы қаражатының келіп түсуі мен қозғалысы туралы ақпарат;
- БЖЗК салымшысының (алушының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірісті ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат;
- Шетелге шығу шектелген борышкерлер тізілімі және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер тізілімі бойынша шетелге шығуға тыйым салудың болуын тексеру;

Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жазағаны туралы мәлімет алу;

Ботпен жұмыс істеуді бастау үшін EGov.kz-те тіркелген болып және порталдың профиліне өзінің телефон нөмірін байлау қажет. Телефонды тіркеу және байлау қатаң түрде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып жүзеге асырылады және де егер сізде ол жоқ болса, онда «Порталда алғашқы рет» бөлімінде ЭЦҚ-ны алу рәсімі туралы ақпаратпен танысып алыңыз.

Телефон нөмірін байлау немесе «мобильді азаматтар базасында тіркелу» (МАБ) порталда бастапқы тіркелу кезінде, сондай-ақ, EGov.kz Жеке кабинеттегі баптау арқылы жасалады. Ол SMS-код арқылы растауды және пайдаланушының ЭЦҚ-мен қол қоюды талап етеді.

Аяулым БОЛАТ,
«Жезказған қаласы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызметтердің сапасын мониторингтеу және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің бас маманы

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ — АЛАЯҚТАР ҒАЛАМТОРДА ДА АЗ ЕМЕС

«Адамды алдау — арыңның алдында қылмыс. Ағаңды алдау — апаңның алдында қылмыс» деген дана халқымыз өтірік айту, алдау, арбау сынды пенделік қасиеттері ең төменгі сатыға қойып, бұларды бойына жинаған адамнан ірессін аулаққа салуға тырысқан. Өтірік айту, кісі ақысын жеу бұрындары да болған. Дегенмен, жазылмаған дала заңы негізінде кінәлілер тиісті жазасын алып отырған. Уақыт өтіп, заман көйі алға жөблжыған сайын әділдік орнатудың құрығы айтарлықтай ұзарғаны, өтірікшіні қолға түсіру жолы да көбейгені рас. Дегенмен, адамнан құлық артылған ба?!

Қазіргі таңда алаяқтық тым қатты өршіп тұр. Бүгінгі алаяқтықтың ең сорақысы — әлеуметтік желіде.



Көптің тісін қайратып, орға жыққан әлеуметтік желі — бүгінгі заманда негізгі қолданыста. Қазір бірде-бір әлеуметтік желіге тіркелмеген азаматты кезіктіру қиын. Егде жастағылар арасында болмаса, жастар және орта буын өкілдері әлеуметтік желінің алуан түріне тіркелген. Күнделікті қолданыстағы «Whats app», «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерінен бөлек, қаншама қосымшаның торына кішкентай баладан үлкенге дейін шырмаулау.

Шындығында, көп ескере бермейтінімізбен біз әлеуметтік желіде өзіміз туралы барлық ақпаратты ашық жариялап қоямыз. Ал алаяқтарға керекті де — осы. Олар әлеуметтік желіге жүктеген әрбір фото, видео арқылы біз өзіміздің қай уақытта қайда жүретінімізді, нені ұнататынымызды, отбасы мүшелеріміз туралы барлық ақпараттарды, олардың қайда оқитынын, қайда жұмыс істейтінін, үйіміз қайда екенін, қанша ақша жұмсайтынымызға дейін хабар беріп қоямыз. Сол арқылы өзімізді өзіміз құрыққа түсіруге мүмкіндік жасаймыз.

Әлеуметтік желіде фейк, яғни, жалған ақаулар тіркеліп, танысып, қаржылық мәселелерге қатысты түрлі ұсыныстар білдіретіндер тым көп. Мұны жай ғана интернет дүкен арқылы тауар жарнамалап, ақшаныңды алып алғаннан кейін, із-түссіз жоғалған парақшалардан-ақ білуге болады.

Күнделікті өмірде қаржы пирамидасын жарнамалағаны «үйді отырып ақша тапқыштар» саны да артып келеді. Қанша жерден заман талабы дегенімізбен, ондайларға оңайлықпен алданбау қажетін естен шығармағанымыз жөн. Тегін іріштің тек қақпанда ғана болатынын ұмытқандаймыз.

Сонғы кездері банктер қоңырау шалатындардың саны да тым көбейіп кетті. Жай қоңырау емес, жалған қоңырау шалып, өзін банк қызметкері ретінде таныстыратын алаяқтарға керекті сіз туралы толық ақпаратты біліп, жеке есепшотыңызды ақшаны қолға түсіруді мақсаты еткен олар сізбен әңгімені қойыртпақтатып, созып, керекті мағлұматты алғанша тыным таппайды. Көбіне банк қызметін қол-

данатын алаяқтар сіздің ЖСН-іңізді білуге жанталасады немесе телефон нөміріңізге хабарлама жіберіп келген құпиясызды білуге оқталады. Тіптен болмаса түрлі сілтемелер жіберіп, телефонныңыздағы ақпаратты білуге тырысады. Келген сілтемені ашамын деп өзі туралы дерек көзін аңдаусызда жаза салатындар көп-ақ.

Банктен қоңырау шала қалса, өзіңіздің жеке мәліметтеріңізді бөлісуге асықпаңыз. Нағыз банк менеджері сіздің тегіңізді, төлқұжат деректерің, қандай карталар рәсімделгенін, оларда қанша ақша қалғанын нақтылау үшін сізге қоңырау шалудың қажеті жоқ. Банкте сіздің толық қаржылық досы — кредиттік тарихыңыз бар. Сондықтан банк қызметкерлері осы мәселелермен еш уақытта сізге хабарлап бермейді. Бұл ақпараттар тек алаяқтар үшін құнды болып табылады. Есіңізде болсын, банктер ешқандай клиенттерден карточканың толық нөмірін, оның әрекет ету мерзімі, CVC/CVV, интернет-банкінгке логин мен құпия сөзді, кодтың сөзді, SMS-хабарламамен келетін кодты телефон арқылы сұрау үшін өздері хабар-

ласпайды. Бұл мәліметтерді банк қандай да бір мәселені шешу үшін өзіңіз қоңырау шалған жағдайда ғана сұрай алады. Мысалы, шетелге барған кезде картаны оқшаулаудан алу, қайта шығарылған картаны қай жерден алуға болатынын және т. б. анықтау. Егер сізге қоңырау шалып, банк қызметкері ретінде таныстыра отырып, мұндай ақпаратты сұрай бастаса, тіпті оны автоматты түрде жауап берушіге айту қажет болса да, күмәніңіз болмасын — бұл алаяқтар.

Біреудің ақысын жеу, алдап, торға түсіру, сеніміне кіріп, сан соқтыру — кім-кімді де биікке шығармасы анық. Адал еңбек, ащы маңдай термен тапқан ақшаға не жетсін?! Десе де, бүкіл нәрсе ғаламтор арқылы қолжетімді болған бүгінгі заманда кез келгенге сенудің, сенім артудың түбі өзіңізге зиян әкелетінін де естен шығармасақ құба-құп болар еді.

Алмас ҚАСЫМБЕКОВ,
Жезказған қаласы
ПБ криминалды полиция
бөлімінің жедел уәкілі

ӘСКЕРДЕ ПАРАҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Қарағанды гарнизоны әскери полиция бөлімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі аға офицері әділет майоры Ж. Қайдарұлы 44803-Д әскери бөлімінің еске құрамымен кездесті. Жеке құрамға 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы және Қорғаныс министрі Н.Б. Ермекебаевтың үндеуін жеткізуді мақсат еткен кездесуде қоғам дертіне айналған парақорлықтың алдын алу маңыздылығы туралы кеңінен тартқатылды.

— Бүгінгі таңда Қарағанды гарнизоны әскери полиция басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтау жөніндегі профилактикалық жұмысты жүйелі түрде іске асыру жұмыстары күшейтіліп келеді. Оның ішінде анонимді сауал және сауалнама жүргізу, «сенім телефондарын» қолдану, әскери қызметшілердің басшылыққа тікелей өтініш білдіру мүмкіндігін кеңейту, сондай-ақ жеке қабылдау арқылы жүргізу барысы жақсы жолға қойылған, — деген Қарағанды гарнизоны әскери полиция басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі аға офицері әділет майоры Ж. Қайдарұлы Қорғаныс министрінің үндеуінде қауалған сы-

байлас жемқорлық мәселесін тілге тиек етті.

Н.Б. Ермекебаевтың «Қарулы Күштерде кез келген қылмысқа және құқық бұзушылыққа «мүлдем төзеушілік ұстаным» болуы тиіс» деген талабы бүгінде бөлім әскери қызметшілері арасында үлкен қолдауға ие. Себебі біздің бөлімнің әскери қызметшілері патриотизм, міндет және абырой — жеңімпаз әскердің ізін жалғаған, жарқын болашақтың негізін қалайтын моральды-рухани құндылықтар екенін жете түсінеді және асқан жауапкершілікпен сезінеді.

Шахрух НАЗАРОВ,
44803-Д ә/б командирінің
тәрбие және идеологиялық
жұмыстар жөніндегі
орынбасары

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»

немесе БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН

ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕУ КЕРЕК?

«ВЕДОМСТВОЛЫҚ ФЕЛЬДШЕРЛЕРДІҢ» КӘСІБІНЕ АДАЛДЫҒЫ

«ҚР ҰҚК шекара қызметі техника және қару-жарақ жөндеу» басқармасының ғимаратында кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдардың назарын аударатын дабыра маңдайшаларды көрмейсіз. Бәрі де қызметтің құрылымдық бөлімшесіне тән қалыпты да қарапайым.

«Ведомстволық фельдшерлердің» шығармашылық үдерісі мен олардың өз туындылары туралы қандай ынтамен айтқанын көріп, олардың өз ісіне жан-тәнімен берілгенін, оған орасан зор күш-қуат жұмсағанын түсінесіз.

КСРО МҚК шекара әскерлерінің бірінші аймақаралық жөндеу зауыты 1983 жылы құрылып, «2468 әскери бөлімі» шартты атауына ие болды. 2020 жылдан бастап әскери бөлім «ҚР ҰҚК шекара қызметінің техника және қару-жарақ жөндеу басқармасы» болып қайта аталды.

Жөндеу зауытының қалыптасуы мен дамуы қайта құру дәуірі мен ел тәуелсіздігінің қалыптасуын баынан өткерген басқа да кәсіпорындардағыдай жеңіл болған жоқ. Жұмыскерлердің кәсібіне адалдығының арқасында аяққа тұрып, жұмысты жалғастырып қана қоймай, жаңа әскери техника өндірісін реттеуге де қол жеткізілді.

Автомашиналарды, қару-жарақты қайта құрастыру, инженерлік құралдар жасау, радиоокациялық станцияларды жөндеу, техниканы монтаждау және іске қосу, күн электр станцияларын орнату және баптау – зауытшылардың ойлап тауып, іске асырған істерінің аз ғана бөлігі. Іс жүзінде шекараның әрбір бірлік техникасы мен инженерлік құрылысы зауытшылардың шебер қолдарынан өтеді.

ЖАСАЛҒАННЫҢ БӘРІН ТІЗІШ ШЫҒУ МҮМКІН ЕМЕС

Басқарманың әр бөлімшесінің өз міндеті бар. Автоброньды танк пен инженерлік техниканы жөндеумен, жылжымалы далалық моншалар мен қару сақтауға арналған бөлмелерді жасаумен автомобиль және броньды танк техникасын жөндеу бөлімшесінің қызметкерлері айналысады.

Әлемдегі және елдегі қазіргі эпидемиологиялық ахуал жағдайында

кәсіпорында 2020 жылы модельденген контейнер түріндегі медициналық сүзгі пункттері ерекше сұранысқа ие болып отыр. Ал, қызметкерлер түрлендірген «жол талғамайтын көліктер» - ГАЗ «ЕГЕРЬ» және УАЗ «ФЕРМЕР» автомашиналары өтуі қиын жерлерде шекаралық нарядтарды қызмет өткеру орындарына апаруды, тауар-материалдық құндылықтарды жеткізуді едәуір жеңілдетті.

Шекарашылардың дала жағдайында өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін зауытшылар заманауи талаптарға сәйкес келетін модульдік үлгідегі тұрғын үй модульдері мен монша-кір жуу құрылыстарын әзірледі.

ШҚ арнайы мақсаттағы бөлімшесінде өткен жылы шығарылған «Выстрел» броньды машинасын «біздің қарлығашымыз» деп атайды. Ірі калибрлі пулеметті орнатуға арналған мұнара, автоматты гранатаатқыш, десанттық бөлігінің жетілдірілген эргономикасы – осы элементтердің барлығы жауынгерлік машинаны едәуір жаңартты.

ЕСЕПТІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ТОПТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Жаңа өнім өндіру бойынша кестелерді, сызбаларды және есептерді жобалап, әзірлейді, сондай-ақ есептеу-құрастыру тобындағы жас жігіттер жүріп өту мүмкіндігі жоғары машиналар үшін техниканы қайта құрастырады. Техникер А. Кудеринов, М. Агметбаев, Ғ. Ажетов, Ж. Тәженов, аутоэлектрик Ж. Онғарбаев, дөңкерлеуші Е. Атаханов, бояушы Е. Сейдалиев мен темір ұстасы В. Ворошихинді зауытта «отандық Кулибиндер» деп атайды.

Бұл жерде тек «техникер» немесе құрастырушы инженерлер жұмыс істейді деп ойламаңыздар. Топтың аға техникі Айқынбаев Ардақ білімі бойынша қаржыгер, бұрын ол өз өмірін техникамен байланыстырамын деп мүлдем ойлаған емес. Шекара қызметінің Орталық аппаратында келісімшарт бойынша қызмет өткеру кезінде қызметтен бос уақытында «Бағти» квидроциклін қайта жанартқан болатын. Қызмет басшылығы оның өнертабысы туралы біліп, жас шекарашының тәжірибесіне алмасу үшін ТҚЖ басқармасына жіберген еді, онда ол бүгінгі күнге дейін еңбек етеді.

Топ құраған «Амфибия» шыны

жыр табанды жол талғамайтын көлігі туралы Ардақ ерекше мақтанышпен айтады: «Амфибия» – бұл алпауыт машина, ол жол жоқ жерлерде пайдалану үшін арналған, біз шыңжыр табандарды қолмен, тартқыштар таспасынан жасадық. Қажетті құжаттарды дайындау аяқталғаннан кейін жол талғамайтын көлік Арал немесе Каспий теңізіне жөнелтіледі.

Сержант Айқынбаев 2020 жылдың жаңалығы – УАЗ Hunter базасында жанартылған батпақта жүретін көлік туралы да айтып берді. Бүгінгі таңда мұндай техниканың 4 бірлігін өтуге қиын жерлерде қызмет ететін шекарашылар сәтті қолдануда. Осындай батпақта жүретін көлікті көргенде оны жүргізіп, самал желдей ескі келіп тұрады, былайша айтқанда, сенімді әрі төзімді техниканың жүрісі мен қуатын сезініп келеді.

Ең қызығы, кәсіпорындағы барлық өнертабыстар шекара бөлімшелерінің есептен шығарылған техникасынан жасалған. Зауыт жұмысшылары ведомствоға арналған техниканы іс жүзінде, бюджет қаражатын қашалықта үнемдейтінін білесіз бе? Басқармада құрылған батпақта жүргіштердің, «амфибиялардың» өзіндік құны өте төмен, ал шетелдік сайттардағы ұқсас техникасы шамамен 27 млн. теңгеге құрайды.

Мысалы, инженерлік-техникалық құралдарды жөндеу және монтаждау бойынша бөлімшенің өнімді жұмысының арқасында өткен жылдың өзінде 265 млн. теңге бюджет қаражаты үнемделді. Ал зауытта мұндай бөлімшелердің саны – 4.

Бүгінгі таңда зауыт жұмысшылары жаңа жобаларды қаржыландыруды жақсаруын, жасалған техниканы шығаруды ағына қоюдың мүмкіндігін армандайды, басқана айтқанда, жігіттер ұшқыр қиялдарының самғауын мәселенің қаржылық жағымен шектемей, кең көлемде құлаштағылары келеді.

Жаңа белестерге қарыштай ұмтылып, өз ведомствосы мен еліне пайда әкелгісі келетіндіктен, зауыт қызметкерлерінің арманы жүзеге асады деп сенеміз. Адал еңбектеріңіз бен ортақ іске жаныштықтарыңыз үшін алғыс айтамыз. Сіздер жасаған техника сенімді әрі қауіпсіз болып, шекарашыларымыз оны тек бейбіт мақсатта қолданыс!

Асылжан КЕРЕЙТ



МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Медициналық-әлеуметтік сараптама МӘС тұрғылықты жеріне байланысты медициналық ұйымдардың жолдауы бойынша өткізіледі. Медициналық ұйымдар ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері немесе организм функцияларының едәуір немесе өте айқын білініп бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылып отырғандарды қоспағанда, уақытша еңбекке жарамсыз болған адамдарды, диагнозы белгіленген сәттен бастап кемінде төрт айдай кейін МӘС-ке жібереді. Медициналық тексеріс-қараудың толықтығын, көлемін және адамды МӘС-ке жіберудің негізділігін жолдама берген медициналық ұйымның ДҚК төрағасы қамтамасыз етеді.

- Ол үшін төмендегі құжаттар тізімі қажет:
- өтініші;
- 031/е үлгідегі медицина-әлеуметтік сараптамасына жолдама, есте сақтанып, жолдаманы рәсімдеген соң 1 айдан кешіктірмейтін уақытқа жарамды;
- жеке басты куәландырушы құжат көшірмесі;
- мүдделікті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігі (033/е нысаны бойынша);
- ауру динамикасын талдау үшін амбулаториялық науқастың медициналық картасынан мәліметтер болған жағдайда ауру тарихының үзінді көшірмелерін және мамандардың зерттеу нәтижелерінің көшірмелері;
- еңбек қызметі кітапшасының көшірмесі;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат;
- еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (больничный лист);
- МӘС-ке жолдама сапасыз және (немесе) негізсіз рәсімделген жағдайда №31/е нысаны сапасыз және негізсіз рәсімделген жағдайда МӘС бөлімі тексерудің және ұсынылған медициналық құжаттарды талдау деректерінің негізінде сараптамалық қорытынды шығарады және сараптамалық қоры-

- тынды шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы медициналық және фармацевтикалық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін және пациентті жіберген медициналық ұйымды 031/е нысанының көшірмесін қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлар етеді, ол туралы МӘС актісінде және 031/е нысанының МӘС қорытындысы туралы денсаулық сақтау ұйымының хабарламасында жазба жасалады.
- МӘС белгіленген кезде мүдделіктің мына себептері анықталады:
- Жалпы сырқаттану; еңбекте зақымдану; мамандыққа байланысты дерттер; бала кезінен мүдделікті; өкілетті органның себепті сараптамалық белгілерін анықтау шартымен, әскери қызмет міндеттерін анықтау кезіндегі жауынгерлік әрекеттер арқасында, әскери қызметке байланысты жазатайым жағдайлар барысында алған жарақаттар, зақымдар, дерттер; өкілетті органның себепті-сараптамалық белгілерін анықтау шартымен экологиялық төтенше жағдайлар барысында болған зақымдар, иондық сәулелену немесе оның салдарынан болған зақымдар;
- мүдделікті және еңбекке қабілетсіздік дәрежесі белгіленгенде төменгі құжаттар беріледі: мүдделікті

туралы анықтама; мүдделікті оңалтудың жеке бағдарламаларының үзінді; тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесі туралы анықтама; арнайы қозғалу құралдарына мұқтаждығы туралы анықтама

Азаматты мүдделі деп тану негіздері:

- 1) ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулықтың бұзылуы;
2) тіршілік-тынысының шектелуі (адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өзін-өзі күшімен жүріп-тұру, бағдарлану, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу немесе еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы);
3) әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігі негіздеме болып табылады.

Куәландырылатын адам немесе оның заңды өкілі МӘС бөлімінің сараптамалық қорытындысына оны алған күннен бастап бір ай ішінде МӘС әдіснама және бақылау бөлімінде МӘС актісіндегі құжаттар негізінде шешім қабылдау немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

А. ЕРҒАЗИНОВА,
МӘС бөлімі бастышының м.а.

ТАЛАПҚЕР – 2021

ӘСКЕРИ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Қазақстанның әскери жоғары оқу орнына түсуге ниеттілерге арналған жадынама

Мектеп бітіргеннен кейін түлектер үшін сұрақ туындайды – қайда бару керек? Қандай мамандық алу керек? Көптеген түрлі мамандықтардың арасында – дәрігер, мұғалім, бағдарламашы, иахтер және басқалар. Жалғыз – Отан қорғаушы. «Сарбаз» тілшісі ҚР Қорғаныс министрлігіне қарасты барлық қазақстандық әскери жоғары оқу орындары мен әскери оқу орындары туралы ақпарат жинады. Олар туралы не білуге болады және оған қалай түсуге болады.



ҚР ҚК Құрлық әскерлерінің әскери институты

Негіз оқытқы: жоғары оқу орнында 15 мамандық бойынша офицерлер даярланады. Олар – танкистер, десантшылар, артиллеристер, әскери аудармашылар, әскери инженерлер, тәрбие құрылымдарының офицерлері, сондай-ақ мотоотқыштар, автомобиль әскерлерінің офицерлері, әскерлерді зымыран – артиллериялық қамтамасыз ету, азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету офицерлері, сұйық отынмен қамтамасыз ету офицерлері, броньды танк қару-жарағы мен техникасының мамандары, сондай-ақ 2016 жылдан бастап «Әскери істегі менеджмент», «Әскери істегі логистика», «Әскери істегі құқықтану» сияқты жаңа мамандықтар пайда болды?

Жасы: 17 жастан 21 жасқа дейін (әскери қызмет өткермеген азаматтар), 24 жасқа дейін (мерзімді қызмет өткеретін әскери қызметшілер), 25 жасқа дейін (келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер).

Оқу мерзімі: 4 жыл
Аяқталғаннан кейін «лейтенант» әскери атағы беріледі. Қабылдау шарттары: үміткердің санатына байланысты өзгереді. Егер әскери қызметшілер қатарынан оқуға түсуші қабылдау жылының 1 шілдесінен бастап оған оқу демалысы беру үшін әскери бөлім командирінің атына 1 маусымға дейін баяннат беруі қажет. Арнайы тексеруден және оқуға жарамдылығы туралы медициналық қорытынды алғаннан кейін үміткер ҰБТ тапсыруға жіберіледі. Егер ол төрт пән бойынша кемінде 50 балл жинаса (математикадан кемінде 10 балл), онда ол ЖОО-ға жылдың 26 шілдесіне дейін келеді және тамақпен қамтамасыз етіледі.

Мектеп және «Арыстан» мамандандырылған лицейінің түлектері үшін жағдай бірдей, тек өз бастығының атына баяннат 1 сәуірге дейін берілуі керек. Одан әрі арнайы тексеру, медициналық куәландыру, ҰБТ тапсыру, кәсіби-психологиялық тестілеу, сондай-ақ дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер. Егер бәрі ойдағыдай өтсе, онда кандидат ЖОО-ға қабылдау жылының 30 шілдесінде келіп, түпкілікті медициналық куәландырудан өтеді. Егер азаматтардан түсетін болса, онда ол 1 мамырға дейін тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі бөлім (басқарма) бастығының атына өтініш беруі қажет. Ары қарай медициналық куәландыру және ҰБТ тапсыру. Егер бәрі ойдағыдай өтсе, онда кандидат ЖОО-ға қабылдау жылының 20-23 шілдесінде қоса алғандағы кезеңінде келеді. Егер үміткер ҰБТ тапсыра алмаса, ол ТКТ тапсырады және табысты нәтиже болған жағдайда ЖОО-ға жылдың 20-26 шілдесі аралығында тамыз, онда психологиялық және физикалық іріктеуден өтеді. Конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау қабылдау жылының 20-21 тамыз аралығында жүргізіледі.

Анықтама телефоны: Алматы қаласы, Красногорская көшесі 35, тел: 8 (7272) 90-13-20 (көзекші)

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты

Негіз оқытқы: дайындық 11 мамандық бойынша жүргізіледі. Бұл «Радиобайланыс және радионавигация», «Байланыс желілері және коммутация жүйелері», «Радио-техникалық әскерлердің радиотехникасы», «Автоматтандырылған басқару жүйелері», «Ақпаратты қорғауды ұйымдастыру және технологиясы. Мемлекеттік құпияларды қорғауды бақылау», «Зениттік зымыран әскерлерінің бір арналы жүйелерінің радиотехникасы», «ЗРК С-75, С-125 ұшыру жабдығы», «Бір арналы жүйелердің зениттік зымыран әскерлерінің радиотехникасы», «ЗРК С-75, С-125 радиотехникалық батареясы», «Қоп арналы жүйелердің зениттік зымыран әскерлерінің радиотехникасы. Бастапқы және технологиялық жабдықтау», «Қоп арналы жүйелердің зениттік зымыран әскерлерінің радиотехникасы. Радиотехникалық жабдықтау», «Радиотехника. ЗАК, ЗІРК, жақын әрекеттегі ЗРК пайдалану және оларды жауынгерлік қолдану».

Жаңа мамандық бильдан бастап енгізіледі бұл – «Әскери істегі радиоэлектроника және инженеринг». Жасы: 17 жастан 21 жасқа дейін (әскери қызмет өткермеген азаматтар), 24 жасқа дейін (мерзімді қызмет өткеретін әскери қызметшілер), 25 жасқа дейін (келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер) Оқу мерзімі: 5 жыл Аяқталғаннан кейін «лейтенант» әскери атағы беріледі.



ҚАРСЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ШАХМАТ

ҰҚК-нің отставкадағы генерал-майоры шахмат чемпиондарын тәрбиелеуде

Көпшілік үшін зейнетке шығу тыныш әрі қалыпты өмірді, немере тәрбиелеуді, саяжайда демалуды, саяхат құруды елестетіні белгілі. Алайда үнемі барлық, жетілуге ұмтылған, өз тәжірибесін жас ұрпаққа беруге әзір адамдар бар. Солардың бірі – ҰҚК-нің отставкадағы генерал-майоры Абылай Тастамбеков. Бүгінде ол Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті, Нұр-Сұлтан қаласының шахмат федерациясының президенті және «Орталық шахмат клубының» бас директоры болып табылады, басқаша айтқанда, елімізге болашақ шахмат чемпиондарын өсіруге көмектеседі.

ШАХМАТ КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Бүгінгі күні Абылай Тастамбеков жетекшілік ететін «Орталық шахмат клубының» құрамында 12 жоғары білікті жаттықтырушы үйрететін 300-ге жуық шахматшы бар. Тәрбиеленушілер арасында Қазақстан чемпионаттарының жеңімпаздары, әлемдік және Азия біріншіліктерінің жүлдегерлері, 10 спорт шебері, 20-дан астам спорт шеберіне кандидат болса, 100-ге жуық адам I разрядқа ие. Ал жас шахматшылар Қазақстан Республикасының балалар және ересектер құрамаларының құрамына кіреді. Қыздар арасында әлем чемпионы атанған Меруерт Камалиденова мен Әмина Қайырбекованың жетістіктерін клуб ерекше мақтан тұтады.

Генерал-майор Тастамбековтің тағы бір туындысы бар, ол – турнир. «Astana Open» танымал шахмат турнирінің негізін қалаған да сол еді, онда чемпион атағы үшін Қазақстанның ғана емес, жақын шетелдің де спортшылары күреседі. Соңғы 5 жылда жалпы сомасы 35 миллион теңгеге жуық жүлде қоры бар 10-ға жуық турнир, сондай-ақ 5 халықаралық жарыс өткізілді. Одан басқа, Абылай Есенғалиұлының командасы қатарында Ұлттық қауіпсіздік комитеті, «Қазақстан Теміржолы» АҚ, «Қазатомөнеркәсібі» АҚ, «Теніз Шейройл» АҚ және басқалары бар мемлекеттік мекемелер, ұлттық компаниялар үшін турнирлер ұйымдастырумен айналысады.

Бақытхан МЕДЕТ

ӨМІРБАЯНЫНАН

Абылай Тастамбеков 1944 жылы Қостанай облысы Пресногорьковка кентінде дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін өзін педагогикаға арнады – мұғалім болып жұмыс істеді. 1967 жылы Челябинск политехникалық институтын бітіріп, инженер-металлург, Қырғызстандағы сауда машина жасау зауытында құю цехының бастығы, Кентау қаласындағы экскаватор зауытында цех бастығының орынбасары болып қызмет етті.

1974 жылы Абылай Есенғалиұлы Ұлттық қауіпсіздік органдарына қызметке тұрды, онда жедел үзкілден Целиноград облысы бойынша МҚК басқармасының бастығына дейінгі жолдан өтті. Жедел-қызметтік әрекеттегі еңбегі үшін МКҚ-ҰҚК медальдарымен, төсбелгілерімен және грамоталарымен марапатталған. Айтпақшы, Абылай Тастамбеков – майор кезінде КСРО МҚК құрметті қызметкері атағына ие болған Қазақстандағы жалғыз адам. Ұлттық қауіпсіздік органдарында 29 жыл адал және табысты қызмет еткеннен кейін ол зейнетке шықты. Сол кезде оның өмірінде корольдер ойынымен байланысты кезең басталды.

ШАХМАТҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕН

Шахматқа деген махаббат біздің кейіпкерімізде бапта жасынан пайда болды, 4-сыныпта ол осы ойында өз бетінше зерделей бастады. Ал

Имандылық
қырлығері



Адам бойындағы мінездің көркемдене түсуіне үлкен септігін тигізетін қасиеттің бірі – сабыр. Сабырлық таныта білу – өз-өзіңді тәрбиелеу, «менменсіген» нәсіні құрықтау, бойдағы қайраттылықты нығайту. Сабыр – иманды күшейтеді, айналадағы әрбір кереметке, Алла жаратқан әр жаратылысқа сүйсінген қозқараспен қарауға үйретеді, жамандықтан алыстатып, рухани тазалық сыйлайды. Сабыр – иман қалқаны.

САБЫР

Жүректегі иманның толысуы да адам баласы сабырның қаншалықты салмақты екеніне тікелей байланысты болады. «Әли Имран» сүресінің 146-шы аятында: «Алла сабырлыларды жақсы көреді», – делінген. Сондай-ақ, «Сабыр етушілерге берілетін сыйлық есепсіз» екенін де күдіреті шексіз Алла Тағала қасиетті Құран арқылы өз құлдарына сүйіншілей хабарлайды. Адам пенде болғаннан соң көптеген өмірінде келеңсіздіктерге бой алдырады. Соның бірі, адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынасқа, өкпе, ренішке нұқсан келтіріп өзара түсінбеушілік туғызады. Сол себепті өкпе, ренішке бой алдырмай адамдарға түсіністікпен, ізгілікпен, құрметпен қарау керек. Өкпе, реніш адамның көңіл-күйімен денсаулығына кері әсерін тигізеді. Айналасы ылғи өкпелеп, ренішпен қарау, риза болмау, түрлі ауруларға шалдықтырады. Міне, сондықтан да кез-келген мәселені салмақпен, сабырмен шешу керек. Адамның осы мінезін аса бір көркем түрі – сабырлық. Сабырлық – адам бойына екі жолмен дариды, бірі туа біткен де, екіншісі адам өзін – өзі тәрбиелеу жолымен келеді. Адам баласының бойында оны дәл сабырлық тәрізді керемет етіп көрсететін мінез кемде-кем. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырлы жетер мұратқа, Сабырсыз қалар ұятқа» деген қанатты сөз тегіннен тегін айтылмаса керек. Ашуға да, қуанышқа да сабырлық көрсету бұл адамдықтың үлкен белгісі. Егер адамда сабыр болмаса, ол тез ашуланады. Ал ашуланған адам ашу үстінде асығыстыққа жол береді. Асығып қабылданған шешім барлық уақытта оң бола бермейді. Сондықтан ондай жағдайда ақылға салып, ашуға берілмей сабыр сақтау керек. «Сабыр» – Ұлы Жаратушының көркем есімдерінің бірі. Сөздік мағынасы әрбір істе

тағатсыздық танытпай, төзімді бола білу ұғымын білдіреді. Рухани тұрғыдан алғанда адам қандай бір ауыр соққы көрмесін, Алланың разылығы үшін рухани тепе-теңдігін жоғалтпау мағынасына саяды. Алла Тағала Құран Кәрімде сабыр турасында жетпістен астам жерде насихаттайды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерінде де сабыр жайлы көптеп айтылған. Бәрімізге мәлім, Құрандағы «Алла сабырлылармен бірге» деген аят пен «Сабыр – діниің жартысы» деген хадистің адам баласының жүрегіне әсер етпеуі мүмкін емес. Сабырлық тек адам баласына ғана тән. Өйткені періштелерде және хайуандарда сабыр болмайды. Періштелерде сабыр болмауының себебі: оларда нәпсі болмайды және олар Алла Тағаланың әмірлерін ғана бұлжытпай орындайды. Ал хайуандарда ақыл болмағандықтан олар ойланып, толғанбайды, яғни сабырды қажет етпейді. Сол себепті сабыр бір жағынан адамға берілген емтихан болса, екінші жағынан адамның күнделікті әдетке айналған күнәларды тастауы, нәпсісіне өте ауыр келеді. Сол себепті адам баласы сабырға өте мұқтаж. Адам баласы істеген жақсылығының жемісін дереу көргісі келеді. Өкінішке орай, оны аз уақыт ішінде көрудің мүмкіндігі шамалы. Қалайша біз көктемде ескен етіміздің жемісін уақыты келмей жей алмайтын болсақ, сабырдың жемісі де солай. Дүниеде бұл жемісін бермесе, ақыретте өз жемісін берері анық. Құран Кәрімнің «Шура» сүресінің 43-ші аятында: «Әрине, кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің маңыздысы осы», – делінген. «Мұсылман болу әсте-әсте, көпір болу бір посте» демекші, әрине, бір үйренген нәрсені кірпіштей қалап кету мүмкін емес, бірақ соған талпынып, «жаманнан жіреніп,



жақсыдан үйреніп», амал етіп жатса, нұр үстінде нұр емес пе? Құран Кәрімнің «Юсуф» сүресінің 90-шы аятында былай деп бұйырды: «Шын мәнінде кім Алладан саксанса, сабыр етсе, күдіксіз Алла жақсылық істеушілердің еңбегін зая қыламайды».

Сабырлық таныту, сабырлы болу дегенді тек діни (имани) түсінікпен ғана шектемеу керек, оның дүниелік тұрғыдан да аса маңызды екендігін, яғни осы дүние тіршілігімізде де өзіндік орны бар екендігін айтуымыз керек. Әрине, сабырлы пенделерді Алла Тағаланың ерекше жақсы көретіндігі ақиқат. Осы тұрғыдан алғанда Раббысын танытын мұсылман пенде үшін сабырлы болудың орны ерекше болмақ. Өйткені мұндай пенде Алланың таниды һәм одан үміт етеді. «Сабыр түбі – сары алтын» демекші, әрбір мұсылманға өзден қарағанда іске мән бергені абзал. Алла бәрімізге сабырлы болуды нәсіп етсін! Әмин.

Нурперент ОМАРОВ,
Ахмет ишан Оразайұлы атындағы
мешіттің бас имамы

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

П АРАСАТЫ МОЛ, А ЙЫМЫ ЗОР ЕДІ

Әлемді әбгерге түсірген пандемия қайғы-қасіретпен бірге қазақы салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызға да жеке адамдардың ғана емес, тұтас ұлттың жадынан өшпестей тұсау салды. Былтыр дәл осы уақыттары өңір жұртына есімі белгілі тұлға, ұзақ жылдар ауылуаруашылығын өркендетуге шаруашылық басшысы ретінде зор үлес қосқан, жоғары адамгершілігімен елге сыйлы болған Жұмаділда (Жұматай) ҚАСЫМБЕКҰЛЫ дүниеден озғанда үйден қарыс қадам шығармас аурудың салдарынан топырақ сала алмауымыз өзекті өртеді.

Жүмекемнен біздің арамдыдағы қарым-қатынастың өз ерекшелігі бар еді. Өзін өзгелерден жоғары ұстау болмысында жоқ болса да зиялы келбеті, айтарын кесіп, нақ та тегеурінді жеткізетін орнықты сөзі, қай ортада болмасын сыйлы қалпы өзгелердің мысын басып тұратындай еді. Кез-келген мәселеде көпшілік сол кісінің аузын бағатын, ағайын-туыс, маңайында жүрген інілері айтқанын екі етпейтін. Ол кісінің өзге туыс-туғандарымен қатты әзілдеп ойнай бергенімен, мен де Жұмакең алдында еркін кетуге тартынатынмын. Дегенмен, өзі бастайды. Сыпайы бір жымып алып, «сенің енді құдалан жиенге ауысатын кеңіз болған жоқ па» дейді. Мен әрине, үлкендердің қолында өскенімді алға тартып, бас шайқай-

көктемінде соғыс аяқталар алдында дүниеге келіпті. Орта мектепті жақсы аяқтап, карт ата-анасының жағдайына қарайлап, «Қарсақбай» кеңшарына жұмысқа тұрады. Кеше ғана мектеп бітірген жастың бастамашылдығы, іскерлігі, жұмысқа деген жауаптылығы кеңшар, аудан басшыларының көзіне тез шалынып, олар болайын деп тұрған азаматтың оқуға түсуіне кеңес берді. Қамқор ағалары жігерлендірген Жұмаділда Қасымбекұлы Семей зоотехника-малдәрігерлер институтына құжаттар тапсырып, оқуға түседі. Аталмыш оқу орнын 1970 жылы тамемдап Жезді ауданында ширек ғасырдан астам ауылшаруашылығын дамытуға белсене атсалысты. Аудан денгейінде жауапты және маңызды қызметтер атқайды. 1982-1988 жылдары об-



жайлы «ішіп қойды, жеп кетті, пара алған, арыз ұйымдастырды» деген сияқты әңгіме, қауесетті ешбіреуден естімеппіз.

Ол кісі ауыл шаруашылығынан тыс елдің, жердің тарихын, мәдениетін, тілін, шежіресін жақсы білетін. Зейнеткерлікке шыққан кездері де жергілікті билік пен қоғам ағамыздың өмірлік мол тәжірибесіне, халық арасындағы беделіне әрдайым иек артаған. 2009-2012 жылдары Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесі мен ономастикалық комиссия мүшесі болды. 1997 жылы Жұртшы руының асын өткізгенде, 2010-2012 жылдары Жұртшы руының шежіресін жинақтап бастаған шығару барысында көпшілік үшін осынау маңызды шараларға Жүмекең әдеттегідей аса белсене кірісіп, ұйымдастыру жұмыстарының ең күрделі мәселелерін шешумен айналысты.

Сондай-ақ, Жүмекең ағайын-туыстарының ұйым берекесіне, ағайынның ауызбіршілігіне аса мән беріп, көптеген даулы мәселелерін алдын алып отыратын. Жалпы, ол кісі қашанда көкірек көзі ояу, алдын болжап, байыптап отыратын көреген тұлға болатын.

Жұмаділда Қасымбекұлының ел алдындағы еңбегі ұрпақ, қоғам тарапынан лайықты бағаланып та келеді. Үстіміздегі жылдың наурыз айында Жүмекеңнің өнегелі өмірі, көпке үлгі тірлігі жайлы Жезқазған тарихи-өлкетану музейі ауқымды экспозиция өткізді. Міне, осы жолы да елі мен жері үшін бойындағы барды сарқып жұмсай білген, қандай жауапты жұмысты болмасын біліктілікпен атқарып, адал қызмет жасаған азаматтың биік те жарқын тұлғасы ол кісінің әріптестері мен үзегілес жолдастарының естеліктері арқылы жарқырай көрінді. Көрме залында Жүмекең жайында кең қамтылған мәліметтер тұрды. Келген көпшіліктің назары соған ауып жатты. «Жақсының аты өлмейді» деген осы болар.

Жұрттың жадында парасатты басшы, білікті маман, адал да әділ азамат, туған-туыстың жанашыр ұйытқысы ретінде қалған Жұмаділда Қасымбекұлының арамыздан өткеніне жыл толып отыр. Тіршілігінде көпке аса сыйлы болған ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз.

Төлеш АСАНОВ



мын. Сонда Жүмекең «жақсы енді, құдалығын 51 процент болсын, бізге ең болмаса 49 процентін қисайыш» деп тыңдап отырған жұртты ду күдіретін. Көпшілік арасында осындай жарасымды әзілге орын бергенімен, жайшылықта салмақты әңгімелерге тартатын. Ондайда Жүмекеңнің қандай тақырыпты да болса, терең игергендігі, ойының қиядағыны шалар қырағылығы, парасатты пайым несі екендігі көзге салғаннан ұрып тұратын.

Жұмаділда Қасымбекұлы 1945 жылдың

ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

Жезқазған қаласының уақыты бойынша

ШІЛДЕ	Күні	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы	Күптан намазы
1	Бейсенбі	03:34	05:32	13:36	19:04	21:34	23:32
2	Жұма	03:34	05:32	13:36	19:04	21:34	23:32
3	Сенбі	03:35	05:33	13:36	19:04	21:34	23:32
4	Жексенбі	03:35	05:34	13:37	19:04	21:33	23:32
5	Дүйсенбі	03:36	05:34	13:37	19:04	21:33	23:32
6	Сейсенбі	03:36	05:35	13:37	19:04	21:33	23:32
7	Сәрсенбі	03:36	05:36	13:37	19:03	21:32	23:32
8	Бейсенбі	03:37	05:37	13:37	19:03	21:32	23:31
9	Жұма	03:37	05:38	13:37	19:03	21:31	23:31
10	Сенбі	03:38	05:38	13:38	19:03	21:30	23:31
11	Жексенбі	03:38	05:39	13:38	19:02	21:30	23:31
12	Дүйсенбі	03:39	05:40	13:38	19:02	21:29	23:30
13	Сейсенбі	03:40	05:41	13:38	19:02	21:28	23:30
14	Сәрсенбі	03:41	05:42	13:38	19:01	21:28	23:28
15	Бейсенбі	03:43	05:43	13:38	19:01	21:27	23:27
16	Жұма	03:45	05:44	13:38	19:01	21:26	23:25
17	Сенбі	03:47	05:45	13:38	19:00	21:25	23:23
18	Жексенбі	03:49	05:46	13:38	19:00	21:24	23:21
19	Дүйсенбі	03:50	05:47	13:39	18:59	21:23	23:20
20	Сейсенбі	03:52	05:49	13:39	18:59	21:22	23:18
21	Сәрсенбі	03:54	05:50	13:39	18:58	21:21	23:16
22	Бейсенбі	03:56	05:51	13:39	18:57	21:20	23:14
23	Жұма	03:58	05:52	13:39	18:57	21:19	23:12
24	Сенбі	04:00	05:53	13:39	18:56	21:18	23:10
25	Жексенбі	04:02	05:54	13:39	18:56	21:17	23:08
26	Дүйсенбі	04:04	05:56	13:39	18:55	21:15	23:06
27	Сейсенбі	04:06	05:57	13:39	18:54	21:14	23:04
28	Сәрсенбі	04:08	05:58	13:39	18:53	21:13	23:02
29	Бейсенбі	04:10	05:59	13:39	18:53	21:11	23:00
30	Жұма	04:12	06:01	13:39	18:52	21:10	22:58
31	Сенбі	04:15	06:02	13:39	18:51	21:09	22:56

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт

СҰРАҚ-ЖАУАП

БАЛАНЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛУДЫҢ ҮКІМІ ҚАНДАЙ?

Ерлі-зайыпты ажырасқаннан кейін баланы ең алдымен қамқорлығына алуға және тәрбиелеуге өз анасы құқылы.

Абдулла ибн Амрден (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте: «Бір әйел «Уа, Алланы елшісі! Мына балам үшін құрсағым – уя, омырауым – бұлақ, құшағым құдақ болып еді. Енді әкесі менімен ажырасып, оны менен тартып алмақшы», – деді. Сонда Алла елшісі (оған Алланың сәлауаты мен сәлемі болсын): «Басқа біреуге тұрмысқа шықпасаң, сен оған (өз қамқорлығыңды алып, тәрбиелеуге) құқылысың», – деді (Әбу Дәуіт, Ахмад).

Осыған қатысты ибн Әбу Шәйба өзін «Мусаннаф» атты кітабында Сағид ибн Мусайибтан мынадай дерек келтіреді: «Омар (Алла оған разы болсын) Үмму Асымды талақ етті. Сосын оған қайта барғанда, баласы Асым анасының құшағында еді. Омар баланы одан алмақ болғанда, екеуі таласып қалды. Сол кезде бала жылап қоя берді. Содан екеуі мәселені шешу үшін Әбу Бәкірдің құзырына барды. Әбу Бәкір Омарға: «Бала үшін саған қарағанда әйелдің мейірімі, құшағы, иісі оған абзалырақ. Бала өскен соң кімге баратынын өзі тандайды», – деп төрелігін айтты» (Ибн Әбу Шәйба, «Мусаннаф», 5/238).

Алайда анасының баланы қамқорлыққа алмауға құқы бар. Бірақ (анасының) қарайтын басқа туыстары табылмаса немесе бала басқаға көнбесе, онда бала мәжбүрлі түрде анасына беріледі. Баланы өз анасынан кейін нағашы әкесінің, кейін өз әкесінің, туған әкшелерінің, сосын нағашы апалары мен өз апаларының, яғни осы тәртіп бойынша алуға құқықтары бар. Ал баланы қарамағына алған әйелдің баспанасы болмаса, баланың әкесі баспанаман қамтамасыз етуге міндетті (Әл-ахкам аш-шарғия фи әл-ахуал аш-шахсия, 388-тарау, 2/975).

Құран Кәрімде: «Ал егер біріне-бірің қиындық туғызғын, өзара келісе алмасаңдар, ондай жағдайда баланы әкесінің есебінен емізетін басқа әйел қарастыруға болады» («Талак» сүресі, 6-аят) делінген. Әйел махрам (туыс) емес ер адамға тұрмысқа шықса, әйелдің баланы қамқорлыққа алу құқығы жойылады.

Әйелдің туысқандары арасында баланы қарамағына алатын адам табылмаса, онда әкесі, сосын атасы, туған бауыры, көкесі (әкесінің бауыры) т.б. тәртіп бойынша қамқорлыққа алуға құқылы. Одан кейін нағашы атасына, нағашысына беріледі (Әл-ахкам аш-шарғия фи әл-ахуал аш-шахсия, 385-тарау, 2/970). Алайда қыз бала намахрам (жақын туыс болмаған) ер адамға және арысз пасықтың қолына азғындыққа салыну ықтималы болғаны үшін берілмейді.

Ибн Абидин (Алла оны рақымына алсын) бұл мәселені былай тұжырымдайды: «Дегенмен қазі қалай болса да, балаға зиян тиімейтін, пайдалырақ жағын есепке алуы тиіс».

«Бәдан» кітабында былай айтылады: «Егер аға-інілері мен көкелері (әкесінің бауырлары) өздеріне және мал-мүліктеріне толық сенім білдіре алмаса, онда бала оларға берілмейді» (Радуу әл-мұхтар, 3/565).

Өз бетімен тамақтанатын және дәретке шығатын жасқа жеткенде (Кәфи кітабында оған 7 жас деп пәтуа берілген. Ал, шейх Әбу Бәкір ар-Рази оны 9 жас деп айтқан (Фәтуа Индия, 1/593) ұл бала әкесіне қайтарылады. Себебі ұл бала ерлерге тән нәрселерді (әдеп, өнер, мінез т.б.) әкесінен үйренеді. Қыз бала етеккірі келгенге дейін немесе дене бітімі жетіле бастағанға дейін (көпшілік ғалымдардың тұжырымы бойынша, қыздардың дене бітімі 11 жасында жетіле бастайды (Фәтуа Татархания, 3/187) анасының қолында болып, әйелдерге қатысты істерді (тоқу, тігу, кір жуу, тамақ пісіру т.б.) үйренеді. Балағат жасына толған қыздан асырау, қорғау және тұрмысқа беруге көбіне әкесінің ғана шамасы жетеді. Сондықтан уақыты келгенде қыз бала әкесіне тапсырылуы керек (Фатху баб әл-ғиная, 2/500).

Анасы баласын алып, өзінің төркініне ғана сапарға шыға алады. Әкесінен жырақ бөтен қалаға көшіріп әкетуге, әкесіне баласын көруге тыйым салуға әйелдің ақясы жоқ.

ҮКІМ:

Ер мен әйелдің некесі бұзылғанда баланы қарамағына алуға, ең алдымен, өз анасы құқылы. Бірақ анасы бала тәрбиесіне жарамсыз немесе сенімсіз болса, сондай-ақ басқа ерге тұрмысқа шықса, бұл құқықтан айырылады. Сосын бала белгіленген тәртіп бойынша әйелдің басқа туыстарына беріледі. Әйелдің баланы қарамағына алатын туыстары табылмаған жағдайда оны тәрбиелеу құқығы әкесіне, кейін жақын ер туыстарына, сосын нағашыларына белгіленген тәртіппен өтеді.

Балиғат жасына толмаған балаға өзіне қамқоршы таңдау құқығы берілмейді. Қазі баланы біреудің қолына беруден бұрын жан-жақты қарастырады және бала зиян шекпейтін, оған пайдалырақ, ең оңтайлы шешім қабылдауы шарт.

Қыз бала намахрам (жақын туыс болмаған) ер адамға және арысз пасықтың қолына берілмейтін.

ҚМДБ шарият және пәтуа бөлімі

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Әуесқойлықпен видео монтажын жасауды меңгерген ол өз қарымын телеарнада байқап көргісі келеді. Осы тұста оған түскен ұсыныс та зор жауапкершілікті талап ететін міндетке ие болды.

Ол республикалық телеарнада да бағын сынап көрді. 2012 жылдың басынан соңына дейін Нұр-Сұлтан қаласында тікелей эфирдің режиссері болған Нұрғалап өзі жинаған тәжірибелерін іске асыру үшін туған жерге оралды.

Нұрғалап Шарапидиннің режиссерлік мансабында қара шаңырақ саналған «Дидар» телеарнасының орны айрықша. Өзіне жолбастау болып, жөн сілтеген сүйікті мекенінде 2013 жылдың қаңтарынан бастап іске кірісті. Телеарна саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтап қалған ол ағалар үзінген жалғай білді. Аталған телеарнада 2017 жылға дейін қызмет еткен соң өзін жаңа қы-

ТЕЛЕАРНАНЫҢ ТӨРТЕ СҮЙРЕТЕН

рынан да сынап көруге бел байлайды. Өзі бітірген жергілікті және мемлекеттік басқару мамандығы бойынша да жұмыс істеп көруді жөн санап, ол «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалында бірнеше жыл еңбек етті.

Ақпараттық тартыс майданында алдыңғы шепте жүретін, әрине – бейнеоператор. Телеарна жұмысын бейнеоператорсыз елестете алмайтынмыз ақиқат. Жас та болса, Жезқазған-Ұлытау жұртына өзінің ізденімпаздығымен, еңбекқорлығымен танылып, білікті маман ретінде зор әлеуетін дәлелдей білген жандардың бірі – Думан ОРАЗОВ. «Бейнеоператор болу деген – камераны ұстап алып, оңды-солды жан-жағыңды қадрағаныңды түсіріп беру емес. Ол – дәлдікті, терең ойлауды, жылдамдық пен жеделдікті талап етеді. Оператор әлемге өзгелерден бөлек қарауға, жалпы ерекше ойлап, көркем ой қорытуға дағдыланады» деген біздің кейіпкеріміз өз жұмысын ерекше сүйіспен айтты. Думан да операторлық жолға Нұрғалап секілді Марат Қалиев ағасының жөн сілтеуімен келген. Алғашында той-думанды таспаға түсірген ол бара-бара шыңдала түседі. 2013 жылы «Дидар» телеарнасына келіп, жұмысқа орналасады. Мұнда да ақылман ағалардың арқасында алға озып, таудай талабымен көзге түседі. Міне, содан бері аймақ арнасында талай-талай тарихи оқиғаларды таспаға жазып, талапшыл да талғамы биік көрерменге камераның сикырлы күшіні, қуатты қыр-сырын дәлелдеп келеді. Білік пен халық, көрермен мен шығармашылық топ арасындағы басты байланыстырушы құрал – ка-



Дидар телеарнасы

мера. Сол камераны басқарып, тілін тапқан Думанның жұмысы қашан да мақтауға тұрарлық. Думан қас-қағым сәтті камераға түсіретін осы өнерімен жеке кәсібін де дөңгелетіп отыр. Қала тұрғындарының көбіне белгілі «Diamond studio» орталығында операторлық қызметтен бастап, фильмдерді маңдайшараларын әзірлеу, фотоға түсіру сынды түрлі қызметтер көрсетеді. Тәуелсіздігімізбен түйедей құрдас Думан осы жылы ордалы отызға аяқ баспақ. Бүгінде бір ұл, бір қыз өсіріп отырған оның бағындырар белестер әлі де мол екені анық.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«... Адам бір орында тұрмауы тиіс. Ұдайы ізденіп, бейтаныс көкжиектерді бағындыруы керек. Соңда сана оның құмыры мәнді де сәнді болмақ» дегенді өмірлік ұстанымы еткен бүгінгі кейіпкеріміз – Виктор ШАВНЕВ. Өзін сан түрлі салада сынап көрген ол фотоаппаратты серік еткеніне де, міне, 14 жылдың жүзі болыпты.

ОБЪЕКТИВ ШЕБЕРІ

Кәсіби фотограф ретінде еңбек жолын біздің газеттен бастап, кейін «Жезказганская правда» басылымында жалғап, қазіргі таңда Эльвира Алпанбаева басшылық ететін орыс тілді «Жезказганский вестник» газетінде тынбай еңбек етуде. Туған жері Жезқазғанның құрдастары Виктор Иванович алпыстың асқарынан асса да сүйікті ісінен алыстамақ емес.

Адамдармен араласудан, фотоаппараттың әр «шыртылынан» ләззат алатын ол еңбекке ерте араласты. Сегіз жылдық мектепті бітірген соң бір жыл бойы №36 училищесіде ағаш шебері мамандығын игеріп шыққан өрмідей жас әке жолын қуып, құрылысқа білек сыбана кірісті. Алаша хан даңғылындағы 2, Девс көшесіндегі 9 үйде Атаусу кентіндегі 100 метрлік мұнара мен Жәйремдегі комбинатта Виктор Ивановичтің қолтаңбасы бар. Бүгінде ондаған отбасының құтты мекеніне айналған үйдің жанынан өткен сайын оның кеудесін мақтаншы кернейді. Еткен еңбегінің жемісі деген осы болар болмақ?! Әскерге алынғанша өндірісте арматура жасап, теміржолшылар көлігін тізгінідеді. Борышын өтеп келген соң балығы тулаған Балтық теңізіне кетті. Ондағы мақсат – балықшылардың айналысына қатысып, ел мен жер тану. Жылдан аса уақытта Атлант мұхитына шығып, Англия, Канада аралы мен Анголага барып, екі мөрте экваторды кесіп өтті. 1979 жылы туған жерге қайта оралып, педагогикалық институтты шет тілдер филологиясы мамандығы бойынша тәмамдаған Надежда Ивановнамен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Екеуі ұл мен қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкені Татьяна Испания қаржы саласында еңбек етсе, ұлы Иван – Кемеровода жеке кәсіпкер.

Кездескеннің бәрі ұлының жанына тарихи отаныңа қайтыпайсың ба деп сұрайды. Мен оларға: «Менің үйім – Жезқазған» деп жауап беремін. Осында тудым, өстім, түледім. Маған оның әр тауы мен әр тасы ыстық, – деп ағынан жарылған Виктор Иванович өзінің өмірін Жезқазғанның басқа жерде елестете алмайтынын айтады. Ол болат құрылым басқармасында биіктегі жұмыстардың мондаудышы бола жүріп 1988 жылы Чернобыль атом электр стансасында алапат апатты жоюға алынды. Алты ай бойы күніне төрт минут апат орын алған 4 блокқа түсіп, тазалау жұмыстарын жүргізген ол полк фотографын іріктеген конкурста қатысып, жүздің ішінен суырылып шықты. Сөйтіп бала күннен ермек еткен ісіне төселе бастады.

Ең алғаш фотоаппаратты анам 1963 жылы өнерді. Сол жылы қар-
Диапа ОРАЗАЛПИНА



топтың мол өнімін алдық. Соны сартып, 12 рубльға «Весна»-ны алдық, – деп өткен шағын сағынышпен еске алған Виктор Иванович кейінгі жылдары «Смена», «Зинит», «Киев» сынды пленкалы аппаратпен түсіріп жүрді.

Үйінің бір бөлмесін фотолабораторияға айналдырып алған ол пленкадағы суретті қағазға басып шығарудың машақаты көп болғанын айтады. Сол заманда түсірілген фотонның шығару кезінде екі күнді қажет ететін екен. 2005 жылы цифрлы «Кэнон Про-1» фотоаппаратына қол жеткізген соң фото жасау көп уақыт пен күшті талап етпейтін болды. Мүмкіндіктері де молайды.

Күні бүгінге дейін өңірдің жылты еткен жаңалық пен жақсылығы оның фотообъективінің нысанасынан тыс қалмай, газет бетінде жарияланған хабар не мақаланың мәнін келтіреді. 2007 жылдан бері қарай мысты өлкенің тыныс-тіршілігін арқау еткен фотолары Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің қорында сақтаулы.

Өлкенің фотошежіресін жасаған – Виктор Шавнев газетке келгенге дейін мыс қорыту зауытының электротоліп цехында абыроймен жұмыс жасады. Табиғатты, қаланың көрікті жерлерін түсіруді ұнататын фотограф – портрет жанрының да шебері. Ол фотосуретіне жан бітіріп, кейіпкерінің келбетін ғана емес ішкі жан дүниесін де оқырманға жеткізе алады.

Ортасында сыйлы, әріптестері арасында таптырмас маман Виктор Шавневтің еселі еңбегі әр жылдары облыс, қала әкімдерінің Құрмет грамотасымен еленді. Чернобыльдегі ерлігі мен фотожурналистикадағы шеберлігі үшін кеудесіне бір емес бірнеше мерекелік медаль да тақты.

ЖЕҢІМПАЗБЕН ЖҮЗДЕСТІ

Баланың бапкері болу оңай шаруа емес. Талапты баланы тап басып тану, оның әр қадамын бақылап, бар білгенінді үйрету, бүкіл күш-жігеріңді жұмсау. Шәкіртің әр қадамына алаңдау, жемісіне қуану, жеңілісіне өзің жеңілгендей бірге қамыу. Міне, жауапкершілігі мол, бейнесі де, зейнеті көп жаттықтырушылық қызметке осы қасиеттер тән. Сонымен бірге, бұл мамандық мінезді, тәжірибелі, білікті талап етеді.



Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы «Келбет» жобасының аясында бапкер-жаттықтырушы Думан Тоғамбайұлы Хасеновпен кездесу кешін ұйымдастырды. Думан Хасенов – Қарағанды облысының Қаражал қаласының тумасы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Дене мәдениеті және спорт» факультетінің түлегі, Қазақстан Республикасының спорт шебері, Жезқазған қаласының балалар мен жасөспірімдер мамандырылған олимпиадалық резерв мектебінің бапкер-жаттықтырушысы.

Сұхбат барысында Думан Тоғамбайұлы спорттық ғұмырының барысында болған қиындықтарды және оларды жеңу жолындағы жасаған қадамдары жайлы оқырмандармен ой бөлісті.

Сұрақ-жауап форматында өрбіген кездесудің екінші бөлімінде балалар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап ала алды. Спортшыға жолданған сұрақтар әр алуан. Мәселен, оларды спортшының алғашқы жекпе-жегі қалай аяқталғандығы,

алғашқы жеңістен кейінгі сезімдері, өз жеңістерін қалай атап өтетіндігі, қазақстандық спорттың деңгейін көтеруге қатысты пікірлері, өскелең ұрпақты спортқа баулу мәселелері қызықтырды. «Жаттықтырушы болу үшін ең маңызды қасиет қандай?» деген сұраққа Думан: «Төзімділік және сабырлылық» деп жауап берсе, «Біздің аймақтың кішкентай, спортқа енді келген самбисттеріне қандай тілек айтар едіңіз?» дегенімізге «Ең бірінші мақсат қою керек, сосын сол мақсатқа міндетті түрде жету керек», – деді.

Спортшы қазіргі пандемия жағдайындағы спортшылардың жаттығуында туындап жатқан кездері жайлы, сонымен қатар кішкентай самбисттерінің болашағына зор үміт артатынын жеткізіп, жүрек жарды тілегін білдірді.

Шараның соңында кітапхана ұжымы Думан Тоғамбайұлына жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудегі белсенділігіне алғыс білдіріп, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, табысты өмір жолын және әрбір ісіне сәттілік тіледі.

Динара СЕКСЕНБАЕВА, Жезқазған қаласы ОКЖ балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

ОҒАЛТУ – ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Қарағанды облысының тұрғындарына оқалту емі үшін медициналық сақтандыру қоры 1,48 млрд теңге төледі. 2021 жылдың 4 айында облыстың медициналық ұйымдарында өңірдің 8 200-ден астам тұрғыны оқалту емінен өтті. Бұл көмекті төлеуге медициналық сақтандыру қоры 1,4 млрд теңге бағыттады. Бұл қаражатты оқалту орталықтары, санаторийлер, емханалар алды, онда пациенттер екінші және үшінші кезеңдегі оқалту бойынша емделді. 2021 жылғы Қарағанды облысында медициналық оқалтуға барлығы 4 085 717 000 теңге бөлінді, оның ішінде коронавирустық инфекцияға шалдыққаннан кейін оқалтуға – 307,3 млн теңге. Қарағанды облысында операциядан немесе аурулардан кейін өңірдің 12 орталығында оқалту емі алуға болады. Амбулаториялық деңгейде бұл көмекті облыстың 14 емханасы көрсетеді.

Медициналық оқалту кімге көрсетіледі? Наукас бірнеше жағдайда медициналық оқалтуға ала алады: – негізгі немесе созылмалы ауруды емдеу қажет болғанда; – қатты ауырсынудан кейін; – хирургиялық операциялардан кейін; – жарақат алғаннан кейін; – сырқат салдарынан адамның қимыл-қозғалысы шектелген жағдайларда өтуге болады. Алғаш рет оқалтудан өту үшін қайда жүгіну керек? • Медициналық көмектің кез келген түрін алу сияқты, медициналық оқалтудан өту үшін тіркелген жері бойынша емханаға уәкелелі дәрігерге жүгіну қажет. • Емдеуші дәрігер реабилитолог маманға немесе мультидисциплинарлық топ мамандарына жібереді. • Олар ауруды пайда болуы мен күшеюі, сырқаттың денсаулық жағдайына байланысты мәліметтерді ескере отырып, оқалтуға деген қажеттілікті айқындайды. Бастапқы

реабилитациялық диагноз қойып, пациент денсаулығын қалпына келтіру жоспарын, курстың мерзімін т.б. анықтайды. • Егер кешенді тексеру нәтижесінде реабилитация тиімді деп табылса, пациент оны амбулаторияда, стационарда, стационарды алмастыратын емдеу мекемесінде, үйде немесе санатория-курорттарда өте алады. Жоспарлы түрде ем қабылдайтын пациент стационарға «Ауруханаға жатқызу бюросы» порталы арқылы жатқызылады. Медициналық оқалтуға қарсы көрсеткіштер: * көп қан кету; * дене қызуының көтерілуі және ұзақ уақыт бойы қалыпты жағдайдан асып кетуі; * жедел жұқпалы аурулар; * жедел остеомиелит; * көктамыр тромбозы; * жүрек жеткіліксіздігі; * эпилепсия талмасы ұстаған кезде; * қатерлі ісік, туберкулез, қант диабеті, тиреотоксикоз, бауыр қыз-

меті тапшылығы, III деңгейлі ұйқы безі тапшылығы, адамның көңіл-күйі мен мінезінде ауытқулар туыраған психикалық аурулар, ірінді және жұқпалы тері аурулары, 2-3-дәрежелі анемия, 3-дәрежелі дистрофия сынды аурулар себеп болуы мүмкін. * оқалту әлеуетінің болмауы. Оқалтуға бөлінген қаржы қорға айма-ай аударылған төлемдер есебінен жүргізіледі. Қарағанды облысының тұрғындары 2021 жылдың мамыр айында медициналық сақтандыруға 2,5 млрд теңге аударды. 2021 жылдың мамыр айында Қазақстанның барлық өңірлерінен медициналық сақтандыру қорына 17 млрд теңгеден астам қаржы түсті. Қарағанды облысы тұрғындарының жарналары мен аударымдары 2,5 млрд теңгені құрады. Бұл ретте өңірдің жеке кәсіпкерлері мен жалдамалы қызметкерлері 1,3 млрд теңге төледі. ЖК ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін 2975 теңге мөлшерінде (1,4 ЕТЖ-дан 5%) жарна төлейді. Қызметкерлердің жарналары биыл

жалақының 2%-ын құрайды – оларды жұмыс беруші жалақыдан ұстап қалады да қорға аударды. 892 млн теңгеден астам бұл жұмыс беруші өз қызметкерлері үшін жасаған аударымдар. 1,7 млн теңге ол заңды тұлғалар мен тіркелген ЖК жарналарды және төлемдерді уақытлы төлемегені үшін өсімпұл құрады. Қалған қаражат – бұл дербес төлеушілер мен Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) жарналары. «Естеріңізге сала кетейік, БЖТ төлеушілер төлемді ағымдағы айдың алғашқы күндерінде немесе бір күн бұрын жасайды. Бұл төлеушілердің «сақтандырылған» мәртебесі төленген айдың соңына дейін сақталады (алдыңғы кезеңдер үшін берешек болмаған жағдайда). Қалған жарналар мен аударымдарды төлеушілер есепті айдан кейінгі айдың 25-не дейін төлейді», – деп түсіндірді қордың Қарағанды филиалының бас сарапшысы Жанар Рақишова.

«ММСК» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы

COVID-19-ға қарсы вакцинациялау туралы нені білу керек? COVID-19-ға қарсы вакцинация ЕРІКТІ түрде жүргізіледі. Бұл үшін заңнамалық жауапкершілік көзделмеген. Коронавирус инфекциясына қарсы вакцинация барлығына ТЕГІН жүргізіледі. Вакцинациялау бетпердені қолдану, қол гигиенасын, жөтелудің «этикетін» және әлеуметтік қашықтықты сақтау қажеттілігін ӨЗГЕРТPEДІ.

COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін иммунитет қашан қалыптасады? Бірінші дозаны салғаннан кейін 12-14 күн ішінде бірінші иммунитет жауап қалыптасады. осы кезеңде барлық сақтық шараларын сақтау керек: бетперде тағу, қол гигиенасын, жөтелу «этикетін» және әлеуметтік қашықтықты қашықтық. тұрақты иммунитет 32-45 күннен кейін, ең көп дегенде 56 күннен кейін қалыптасады.